числе на электронные носители), систематизация, накопление, хранение, составление перечней, маркировка, уточнение (обновление, изменение, дополнение), извлечение, использование, передача (распространение, предоставление, доступ), обезличивание, блокирование, удаление, уничтожение, получение изображения путем фотографирования, а также осуществление любых иных действий с Персональными данными Клиента, прямо не запрещенных Применимым законодательством. **(d)** Клиент подтверждает, что данное им согласие на обработку Персональных данных действует в течение срока хранения ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» Персональных данных Клиента, составляющего семьдесят пять лет с момента их получения. **(e)** Клиент вправе отозвать свое согласие путем направления соответствующего письменного уведомления ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» не менее чем за 3 (три) месяца до момента отзыва согласия, при этом согласно Закону согласие не может быть отозвано в случаях, если этот отзыв будет противоречить Закону, либо при наличии неисполненных Клиентом обязательств перед ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» **(f)** Клиент признает и подтверждает, что ТОО «Ди-Мобилити Казахстан», без получения дополнительного согласия со стороны Клиента, в необходимом ему объеме и для достижения целей, указанных в пункте (b) выше, вправе раскрывать Персональные данные (полностью или частично) третьим лицам, их агентам и (или) иным уполномоченным ими лицам, а также представлять таким лицам соответствующие документы, содержащие Персональные данные, с соблюдением требования Применимого законодательства: (1) при привлечении третьих лиц к выполнению работ (оказанию услуг), предусмотренных Договором и (или) лицензионными соглашениями; (2) при передаче ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» его функций и полномочий иному лицу, в т.ч. для рассмотрения возможности уступки и принятию решения об уступке прав по Договору, либо при оказании услуг по взысканию и др.), (3) при привлечении третьих лиц в качестве операторов базы, содержащей Персональные данные (в том числе для их сбора, обработки и хранения), также любым третьим лицам и любые такие третьи лица имеют право на обработку и передачу персональных данных. (далее совместно «Партнеры») для целей: (1) заключения (присоединения) и исполнения договора присоединения или иного типового договора с Партнером и (или) соглашений об использовании программного обеспечения используемого Партнером для оказания услуг поминутной/посуточной аренды (каршеринга), а также лицензионных (пользовательских) соглашений, (2) оказания Партнером дополнительных услуг, (3) участия в проводимых Партнером акциях, опросах, исследованиях (включая, но не ограничиваясь проведением опросов, исследований посредством электронной, телефонной и сотовой связи), (4) принятия решений или совершения иных действий, порождающих юридические последствия в отношении Клиента или других лиц, (5) предоставления Клиенту информации об оказываемых Партнером услугах, в том числе в целях заключения Клиентом в дальнейшем договоров/соглашений с иными лицами для исполнения договоров/соглашений с Партнером, (6) организации взыскания задолженности при нарушении условий договоров, в т.ч. с привлечением третьих лиц, (7) выявления лица, допустившего нарушение законодательства страны местонахождения Партнера, и (8) предоставления соответствующих сведений в уполномоченные государственные органы страны местонахождения Партнера по их запросам и в пределах их компетенции, предусмотренной законодательством страны местонахождения Партнера, и распространяется на информацию, указанную в п. (a) настоящего Согласия. **(g)** Клиент признает и подтверждает, что настоящее согласие на обработку Персональных данных считается данным им любым третьим лицам, с учетом соответствующих изменений, и любые такие третьи лица имеют право на обработку Персональных данных на основании настоящего согласия, в том числе при осуществлении трансграничной передачи Персональных данных. **(h)** Клиент признает и подтверждает, что в случае рассмотрения ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» вопросов уступки прав по заключенным с Клиентом Договорам и лицензионным соглашениям третьим лицам, либо при привлечении третьих лиц для совершения действий, направленных на взыскание задолженности Клиента, согласие на передачу его Персональных данных и данных о его Договоре и (или) лицензионным / пользовательским соглашениям таким третьим лицам считается предоставленным Клиентом ТОО «Ди-Мобилити Казахстан». В случае уступки прав

по настоящему Договору ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» вправе не направлять Клиенту уведомление об этом. Настоящим Клиент соглашается не получать каких-либо уведомлений о совершённой ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» уступке в соответствии с настоящим пунктом. Клиент даёт свое согласие на осуществление направленного на возврат его просроченной задолженности взаимодействия с третьим лицом (в т.ч. с членами семьи Клиента, родственниками, иными проживающими с Клиентом лицами, соседями и любыми другими физическими лицами). (i) ТОО «Ди-Мобилити Казахстан» и (или) привлеченные им третьи лица для оказания услуг или выполнения работ, требуемых для исполнения Договора, в том числе при привлечении третьих лиц в качестве операторов базы, содержащей Персональные данные, не обязаны уведомлять Клиента о передаче его Персональных данных кому бы то ни было, о чем Клиент даёт свое безусловное согласие фактом присоединения к настоящему Договору. Клиент подтверждает, что в дееспособности не ограничен (а), не находится в состоянии наркотического, токсического, алкогольного опьянения, по состоянию здоровья может осуществлять и защищать свои права и исполнять обязанности, не страдает заболеваниями, могущими препятствовать осознанию сути подписываемого согласия. А также подтверждает, что не находится под влиянием заблуждения, обмана, насилия, угрозы, злонамеренного соглашения или стечения тяжелых обстоятельств. Согласие соответствует действительному волеизъявлению Клиента, смысл и значение, правовые последствия, а также содержание Закона понятны.

Клиент:

/ _____ /

(подпись)

(фамилия, инициалы)

Настоящее подтверждение о присоединении к Договору Anytime принято « ____ » _____ года Подтверждение о присоединении проверил(а), копии Документа, удостоверяющего личность и водительского удостоверения Клиента получил(а):

(должность)

(подпись)

(фамилия, инициалы)

Приложение № 5 к Договору Anytime

ИНСТРУКЦИЯ ПО ОПРЕДЕЛЕНИЮ НОРМАЛЬНОГО ИЗНОСА ТС

Настоящей Инструкцией по определению нормального износа ТС (далее – Инструкция) установлены минимальные стандарты состояния ТС, которые определяются как «нормальный износ автомобиля».

Оценка нормального износа и причин повреждений осуществляется Арендодателем в соответствии с пунктом 2.8.8 Договора, и зависит, в том числе, от срока, характера эксплуатации ТС, фактического пробега ТС. Данные обстоятельства учитываются при определении состояния ТС. Вместе с тем, ряд повреждений ТС выходит за рамки износа, который возможен при обычной эксплуатации ТС. Нормальным износом в любом случае не может являться получение повреждений в результате ДТП.

Характер повреждений

Таблица ниже:

Приемлемо	Неприемлемо
Кузов и ЛКП	

<p>Сколы и царапины до 10 см, при условии, что они могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Потертости и следы абразивного износа до 2 см, при условии, что они могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Вмятины до 2 см при условии не более двух вмятин на детали;</p> <p>Небольшие участки сколов от камней, при условии, что повреждено не более 25 % поверхности детали и под сколами нет коррозии;</p> <p>Сколы, правильно обработанные во избежание коррозии</p>	<p>Сколы и царапины более 10 см;</p> <p>Потертости и следы абразивного износа более 2 см;</p> <p>Сколы, царапины, потертости и следы абразивного износа, которые не могут быть удалены механической полировкой; Вмятины более 2 см;</p> <p>Более двух вмятин на детали;</p> <p>Вмятины, потертости, царапины со следами коррозии; Сколы (от камней), занимающие более 25 % поверхности детали;</p> <p>Некачественная окраска с видимой разницей в цвете; Некачественный кузовной ремонт;</p> <p>Коррозия в результате повреждения любого типа; Изменение цвета в результате внешнего воздействия (химические вещества, растения, экскременты животных и птиц и т.п.)</p>
<p>Решетка радиатора и бампер</p>	

<p>Сколы и царапины до 10 см, при условии, что они могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Потертости и следы абразивного износа до 2 см, при условии, что они могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Для текстурированных или неокрашенных бамперов: царапины и задиры до 10 см считаются приемлемыми;</p> <p>Для текстурированных или неокрашенных бамперов: потертости и следы абразивного износа до 2 см считаются приемлемыми; Вмятины до 2 см, не более 2 вмятин на бампере или решетке радиатора;</p> <p>Изменение цвета в результате внешнего воздействия, например, погодных факторов</p>	<p>Сколы и царапины более 10 см либо независимо от размера, если они не могут быть удалены механической полировкой; Потертости и следы абразивного износа более 2 см либо независимо от размера, если они не могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Для окрашенных бамперов: любые сколы, царапины, потертости и следы абразивного износа, которые не могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Сломанные, треснувшие или деформированные решетки радиаторов и бамперы;</p> <p>Вмятины более 2 см;</p> <p>Более двух вмятин на бампере или решетке радиатора; Повреждения в результате неправильного использования химических веществ и внешних воздействий (растения, экскременты животных, птиц и т.д.)</p>
<p>Шины и диски</p>	

<p>Шины с остаточной глубиной протектора не менее 1,6 мм для летней резины, 4 мм – для зимней, с протектором, отвечающим нормативным требованиям Применимого законодательства;</p> <p>На поверхности колпака, стального или легкосплавного диска: одна царапина, потертость или след абразивного износа до 10 см;</p> <p>На отбортовке стального или легкосплавного диска: одна царапина, потертость или след абразивного износа до 10 см</p>	<p>Царапины, потертости или следы абразивного износа более 10 см;</p> <p>Деформация шины, вызванная наездом на бордюр; Вздутия, трещины или порезы на шинах; Повреждения боковин или протектора;</p> <p>Проколы шин посторонними предметами;</p> <p>Сломанный или деформированный колпак, стальной или легкосплавный диск;</p> <p>Коррозия на стальном или легкосплавном диске</p>
<p>Стекла и внешние световые приборы</p>	

<p>Сколы от камней не более 1 см и не находящиеся в зоне А лобового стекла (центральная часть стекла шириной 290 мм); Сколы от камней на поверхности фар головного света, противотуманных фар или указателей поворота, не сквозные и не влияющие на работоспособность</p>	<p>Разбитые стекло или внешние световые приборы;</p> <p>Трещины или сколы на внешних световых приборах, ограничивающие их функции. Все лампочки должны работать исправно;</p> <p>Самостоятельно нанесенные солнцезащитные или тонирующие полосы должны быть полностью удалены с лобового стекла и передовых стекол, со всех стекол, если они не были нанесены квалифицированным специалистом, порваны или начали отделяться по углам лобового стекла;</p> <p>Сколы и трещины более 1 см и/или в зоне А</p>
<p>Зеркала и внешняя отделка</p>	

<p>Окрашенные корпуса зеркал: потертости и царапины до 5 см, при условии, что они могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>для текстурированных или неокрашенных корпусов зеркал: потертости, царапины и задиры до 5 см</p>	<p>Окрашенные корпуса зеркал: потертости и царапины более 5 см либо любые потертости и царапины, которые не могут быть удалены механической полировкой;</p> <p>Для текстурированных или неокрашенных корпусов зеркал: потертости, царапины и задиры более 5 см;</p> <p>Деформированные или сломанные зеркала и/или корпуса зеркал</p>
<p>Салон</p>	

<p>Загрязнения и пятна на сиденьях, внутренней обивке, резиновых или тканевых ковриках, которые можно удалить обычной уборкой салона (без мойки);</p> <p>Сиденья со следами износа и вмятинами в результате обычного использования; Изменение цвета панели в результате повседневного использования и износа</p>	<p>Загрязнения и пятна на сиденьях, внутренней обивке, резиновых или тканевых ковриках, требующие мойки или специальной химической чистки;</p> <p>Порезы, следы абразивного износа, разрывы, отверстия и прочие повреждения и деформации салона, материала внутренней обивки, резиновых и тканевых ковриков; Отверстия в консоли после удаления оборудования;</p> <p>Порезы, зарубки или разошедшиеся строчки на рулевом колесе;</p> <p>Неприятные запахи, требующие специальной чистки для удаления</p>
--	--

ФИО Арендателя:
Логин Арендателя:
ID Аренды:
Электронная подпись:

Приложение № 6 к Договору Anytime

ТЕРРИТОРИАЛЬНЫЕ ОГРАНИЧЕНИЯ В ИСПОЛЬЗОВАНИИ ТС

I. РАЗРЕШЕННЫЕ ЗОНЫ

I.I. РАЗРЕШЕННАЯ ЗОНА «АЛМАТЫ»

1. Движение ТС, а также оставление ТС в режиме «Ожидание» допускается в пределах Разрешенной зоны «Алматы», определенной на карте в Мобильном приложении зеленой пунктирной линией.
2. Завершение Сессии аренды допускается в пределах Разрешенной зоны «Алматы», определенной на карте в Мобильном приложении в виде закрашенного полупрозрачного единообразного фона.
3. Движение, оставление ТС (остановка, стоянка, в т.ч. в режиме «Ожидание» или при окончании Сессии аренды) допускается только с соблюдением требований, установленных законодательством, в т.ч. ПДД, а также Договором (приложениями к нему), на местах, где допускается остановка (для остановки) или стоянка(для стоянки) легковых ТС, бесплатная парковка (стоянка) без ограничений (в т.ч по категории ТС или по времени) в соответствии с ПДД. Оставление (остановка, стоянка) ТС в любом случае не допускается с нарушением ПДД, на подземных парковках, на тротуарах, на территории закрытой или специализированной парковки, на территории частной парковки, на территории, для доступа в которую необходимо разрешение равно как на территориях с ограниченным доступом (в т.ч. оснащенные ограничивающими свободный въезд/выезд устройствами), на местах, где остановка / стоянка (бесплатная остановка / стоянка) допускается временно (в определенные часы, дни), в местах, где по данным Арендодателя отсутствует или затруднен доступ к системе ГЛОНАСС/GPS и(или) к сети Интернет, и(или) мобильной связи, на парковочных местах для инвалидов, для грузовых ТС, на территории платной парковки, не входящей в зону платной городской парковки.

ФИО Арендателя:
Логин Арендателя:
ID Аренды:
Электронная подпись:

Приложение № 7 к Договору Anytime

ЗАЯВЛЕНИЕ

ОБ ОТКАЗЕ ОТ ДОГОВОРА

(фамилия, имя, отчество (если имеется))

_____ *(далее - Клиент)*

Документ, удостоверяющий личность Клиента серия _____ номер _____, выдан _____

(кем выдан)

« ____ » _____ г. - _____

(когда выдан) (код подразделения)

Адрес регистрации Клиента по месту жительства: _____,

Водительское удостоверение _____ от « ____ » _____ г.

Телефон Клиента, к которому имеет доступ только Клиент: _____,

E-mail Клиента, доступ к которому осуществляется по паролю, известному Клиенту, который он обязуется сохранять в тайне _____,

в соответствии с пунктом 6.6 Договора уведомляю Товарищество с ограниченной ответственностью «Ди-Мобилити Казахстан» (БИН 180640011180) об отказе от Договора Anytime с « ____ » _____ 20__ г.

(подпись)

ФИО Арендателя:
Логин Арендателя:
ID Аренды:
Электронная подпись:

Приложение № 8 (1) к Договору Anytime Акт приема-передачи транспортного средства

{дата, время}

Товарищество с ограниченной ответственностью «Ди-Мобилити Казахстан» (БИН 180640011180) в лице {_____}, действующего на основании Устава Общества, именуемое в дальнейшем «Арендодатель», с одной стороны, и ВЛАДИМИР МИХАЙЛОВИЧ ПОПОВ именуемый(-ая) в дальнейшем «Арендатор», с другой стороны, подписали настоящий Акт о нижеследующем:

1. В соответствии с Договором Anytime (<https://anytime.kz>), приложениям к нему – в редакции на момент подписания настоящего Акта - Арендодатель передает, а Арендатор принимает следующее транспортное средство:

марка, модель: {_____}
регистрационный знак: {_____}
идентификационный номер: {_____}
год выпуска: {_____}
тип ТС: {_____}

шасси (рама) №: { _____ }
кузов (коляска) №: { _____ }
цвет: { _____ }

2. Если в разделе мобильного приложения "Состояние автомобиля" не указано иное, то транспортное средство передается в исправном состоянии, без повреждений и отвечает требованиям, предъявляемым к эксплуатируемым транспортным средствам, используемым для перевозки пассажиров, а также ожиданиям Арендатора. Неотъемлемым приложением настоящего Акта является (при наличии) информация, внесенная Арендатором в приложение в момент оценки состояния автомобиля.

Форма для электронного подписания:

Документ подписан Арендатором (Поверенным) электронной подписью в соответствии с Договором Anytime (<https://anytime.kz>)

ФИО Арендателя:

Логин Арендателя:

ID Аренды:

Электронная подпись:

Приложение № 8 (2) к Договору Anytime

Акт возврата транспортного средства

{дата, время}

Товарищество с ограниченной ответственностью «Ди-Мобилити Казахстан» (БИН 180640011180) в лице { _____ }, действующего на основании Устава Общества, именуемое в дальнейшем «Арендодатель», с одной стороны, и ВЛАДИМИР МИХАЙЛОВИЧ ПОПОВ именуемый(-ая) в дальнейшем «Арендатор», с другой стороны, подписали настоящий Акт о нижеследующем:

1. Во исполнение обязанности Арендатора по возврату ТС в соответствии с Договором Anytime (<https://anytime.kz>) и приложениями к нему Арендатор передает, а Арендодатель принимает транспортное средство:

марка, модель: { _____ }
регистрационный знак: { _____ }
идентификационный номер: { _____ }
год выпуска: { _____ }
тип ТС: { _____ }
шасси (рама) №: { _____ }
кузов (коляска) №: { _____ }
цвет: { _____ }

2. Подписание настоящего Акта не лишает Арендодателя возможности ссылаться впоследствии на факты выявленных повреждений ТС, утрату ТС и оборудования и/или документов ТС и/или стандартного автомобильного набора, возникших в результате его эксплуатации Арендатором.

Форма для электронного подписания:

Документ подписан Арендатором (Поверенным) электронной подписью в соответствии с Договором Anytime (<https://anytime.kz>)

ФИО Арендателя:
Логин Арендателя:
ID Аренды:
Электронная подпись:

**«Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС Бас директорының
2026 жылғы _____ бұйрығымен бекітілген**

**ШАРТ
Anytime**

«Ди-Мобилити Казахстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бұдан әрі «Жалға беруші» деп аталып, бір тарапынан, және Клиент, екінші тарапынан, бірлесіп аталған кезде бұдан әрі «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты.

КІРІСПЕ

Тараптар осымен бір-бірін түсініп, растайды:

(1) Осы Шарт Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 595-бабының мәні бойынша жалға беру шарты болып табылмайды, алайда ол жалға беру шарттарына және (немесе) көлік құралын экипажсыз жалға алу шарттарына тән жекелеген элементтерді қамтуы мүмкін.

(2) Осы Шарттың талаптарын Жалға беруші айқындағандықтан және Клиент Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының негізінде жалпы шартқа қосылу арқылы ғана қабылдағандықтан, бұл шарт қосылу шарты болып табылады.

(3) Жалға беруші осы Шартты нақты Клиентпен жасасу еркіндігіне ие. Бұл Шарт жария шарт болып табылмайды. Шартты Клиент оферта немесе жария оферта ретінде қарастыра алмайды, сондай-ақ оны Клиент қабылдаған

жағдайда Жалға беруші шарт талаптарымен автоматты түрде байланысты болады деп есептеуге болмайды. Шарт екі тараптың да осы Шартта көзделген тәртіппен Шарт жасасуға нақты келісім беруін талап етеді.

(4) Клиент осы Шартқа қосылған кезде, бұл Шартты жасасу (оған қосылу) қажеттілігі мен мүмкіндігін бір мағыналы түрде айқындап, бағалады.

(5) Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға сәйкес, тұтынушы мәртебесіне ие тұлғаларға қатысты: Шарттың талаптары мен оған қосымшалардың ешқайсысының мақсаты тұтынушылардың заңмен белгіленген құқықтарын шектеу болып табылмайды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамада белгіленген құқықтар осы Шартта көрсетілгеніне немесе көрсетілмегеніне қарамастан тұтынушыға тиесілі болады. Шартта тұтынушының жекелеген құқықтарының көрсетілмеуі немесе олардың толық емес тізбеде берілуі бұл құқықтардың қолданылуын шектемейді және олардың қолданылуына нұқсан келтірмейді. Егер қолданыстағы заңнамада өзгеше көзделмесе, осы Шарттың ережелері қолданылады. Ал егер заңнамада Шарт бойынша құқықтық қатынастардың жекелеген аспектілеріне қатысты императивтік талаптар немесе тәртіп белгіленсе, мұндай талаптар мен тәртіптер басым күшке ие болады және қолдануға жатады.

1. Терминдер мен анықтамалар. Түсіндіру

Осы «Anytime Шартында» және оның қосымшаларында төменде белгіленген мағынасы бар келесі терминдер пайдаланылады:

1.1. Клиентті Anytime Мобильді қосымшасында немесе Сайтта авторландыру – Anytime Мобильді қосымшасын және (немесе) Сайтты пайдалану үшін Клиенттің байланысын және Клиентке белгілі және ол құпияда сақтайтын Логин мен Өндірілген құпиясөзді енгізу арқылы Anytime қызметінде құрылған Есептік жазбаны анықтау мақсатында Сайттың және «**Anytime Каршеринг Қазақстан**» мобильді қосымшасының нұсқаулықтарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыру (Тіркеу және авторландыру тәртібі).

1.2. Клиентті белсендіру (активтендіру) – Клиентті Anytime сервисіне қосу, Клиенттің функционалға қол жеткізудің, соның ішінде КҚ брондауға, КҚ жалға беруге, КҚ пайдалануға өтінім беру.

1.3. Жалға беруші (Компания) – «Ди-Мобилити Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 180640011180), Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген заңды тұлға, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мәуленова 71, / 2 қабат, сондай-ақ оның кез келген заңды құқықтық мирасқорлары және (немесе) цессионарийлері.

1.4. **Бонустық шот** – банктік шот болып табылмайтын, ақша операцияларын жүргізуге арналмаған және тек Бонустар түріндегі жеңілдіктердің баламасын теңгемен есепке алу үшін пайдаланатын шартты шот.

1.5. **МТНБ** – мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі.

1.6. **Шарт** – Жалға берушінің Бас директорының бұйрығымен бекітілетін осы Шарт, оған қоса берілетін және оның ажырамас бөлігі болып табылатын барлық қосымшалар, сондай-ақ олар Жарияланғаннан кейін енгізілген барлық өзгерістер және (немесе) толықтырулар, осы орайда Шартта Шартқа сілтеме жасалған кезде, мұндай сілтемелер осы Шартқа да, сондай-ақ оның барлық қосымшаларына да жиынтығында қатысты деп түсініледі (Шартқа және қосымшаларға сілтеме мәтінде тікелей көрсетілген-көрсетілмегеніне қарамастан).

Жалдау шарты - Тараптардың нақты көлік құралын (КҚ) жалға алу туралы келісімі, ол осы Шартта көрсетілген жалдау құқықтық қатынастарына сәйкес шарттармен жасалады, КҚ-ны қабылдау-тапсыру актісіне қол қою арқылы жасалып, КҚ-ны қайтару актісіне қол қою арқылы тоқтатылады (егер тоқтатудың өзге тәртібі Шартта көзделмесе немесе қолданыстағы заңнаманың императивтік нормаларынан туындамаса). Бұл ретте, Брондау – алдын ала Жалдау шартын жасасу, ал КҚ-ны қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдау – негізгі Жалдау шартын жасасу болып табылады.

1.7. **Жеке басты куәландыратын құжат** - Қазақстан Республикасының аумағында тұратын және «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» 2013 жылғы 29 қаңтардағы Қазақстан Республикасының [Заңында](#) көзделген азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға жол берілетін тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар, оның ішінде (1) *Қазақстан Республикасының азаматтары үшін*: (i) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі және (немесе) (ii) Қазақстан Республикасы азаматының төлқұжаты және (немесе)

(iii) уақытша жеке куәлігі, (2) *шетелдіктер үшін*: (i) шетелдік төлқұжат және (немесе) (ii) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, (3) *азаматтығы жоқ тұлғалар үшін* - азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі.

1.8. **ЖКО** - жол-көлік оқиғасы, яғни КҚ жолда қозғалу барысында және оның қатысуымен орын алған, адамның денсаулығына зиян келтірген, өлімге, КҚ-ның, құрылыстардың, жүктердің зақымдануына немесе өзге де материалдық залал келтіруге әкеп соққан немесе Жалға берушінің көлік құралының қатысуымен болған өзге де оқиға.

1.8.1. **Жаңа зақым** - Клиенттермен жүзеге асырылған фотосуреттер мен жазбаларды мониторингтеу барысында анықталған КҚ-ның зақымдануы (КҚ-ын жалға алғанға дейін және одан кейін).

1.9. **КҚ-ын брондау** - КҚ-ын уақытша иелену және пайдалану мақсатында Anytime мобильді қосымшасын пайдалана отырып, Шартта (оған қосымшаларда) көзделген Клиенттің іс-әрекеттері. Брондау кезеңінде Клиент таңдаған КҚ-ын осы Клиентке бекітуді көздейді. КҚ-ын брондау алдын-ала шарт жасасу болып табылады, оған сәйкес Клиент белгілі бір уақыт ішінде белгілі бір КҚ-ын жалдау бойынша құқықтық қатынастарға түсуге міндеттенеді.

1.10. **Қалыпты тозуды анықтау жөніндегі нұсқаулық** - КҚ зақымдануының сипатын анықтау және оларды КҚ қалыпты тозуына жатқызу кезінде ескерілетін, осы Шартқа № 5 Қосымша болып табылатын құжат.

1.11. **Жалға берушінің ақпараттық орталығы немесе Техникалық қолдау немесе Техникалық қолдау қызметі немесе 24/7 Техникалық қолдау көрсету** – Клиентке ақпараттық қолдау көрсетуді, соның ішінде ЖКО-ға қатысқан кезде, сондай-ақ КҚ жалға алу процесін сүйемелдеу бойынша әрекеттерді үйлестіруді жүзеге асыратын орталық. Сайтта және Мобильді қосымшада «Техникалық қолдау», «Техникалық қолдау қызметі», «24/7 техникалық қолдау» ұғымдарына тең.

1.12. **Авариялық жағдайлар жөніндегі инспектор (Авариялық инспектор)** — функцияларды жүзеге асыратын тұлға, олардың ішінде, бірақ олармен шектелмей: ақау актілері және/немесе сервистік ұйым шоты негізінде немесе Жалға беруші ұсынған прайстар және/немесе калькуляциялар мен есептеулер бойынша келтірілген залал мөлшерін айқындау, сондай-ақ осы Шарт бойынша Клиенттің жауапкершілігін анықтау.

1.13. **Клиент** - осы Шарттың талаптарын қабылдаған жеке тұлға.

1.14. **ӘҚТК** – Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі.

1.15. **Ұялы телефонның байланыс нөмірі** - Клиенттің атына тіркелген немесе Қолданыстағы заңнамаға және ұялы байланыс операторларының талаптарына сәйкес өзге заңды негізде Клиент пайдаланатын, Клиент Anytime Мобильді қосымшасында немесе Сайтта тіркелу кезінде Жалға берушіге хабарлаған, әрі Логин ретінде, сондай-ақ Шартта және (немесе) Қолданылатын заңнамада көзделген жағдайларда Жалға берушінің Клиентпен байланыс орнатуы, және Жалға берушінің SMS-хабарлама жіберуі үшін пайдаланылатын ұялы телефон нөмірі.

1.16. **Жеке кабинет (техникалық мүмкіндік болған жағдайда ғана)** – Сайттағы және (немесе) Anytime мобильді қосымшасындағы жеке бөлім, оған кіруді Клиент тек оған белгілі Логинді және Өндірілген құпиясөзді енгізу арқылы Сайттың немесе Anytime мобильді қосымшасының шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

1.17. **Логин** - Клиенттің Anytime сайтында және (немесе) мобильді қосымшасында Жеке кабинетке кіру үшін енгізетін ұялы телефонының байланыс нөмірі, ол Өндірілген құпиясөзбен бірге Клиент қолының баламасын құрап, Логин арқылы жасалған әрекеттердің Клиент тарапынан жасалғанын растайды.

1.18. **Anytime мобильді қосымшасы** - «Anytime Каршеринг Казахстан» мобильді қосымшасы, яғни, Anytime сервисін пайдалану мүмкіндігін беретін Мобильді құрылғыға арналған электрондық қосымша, оның ішінде: Клиентті сервиске тіркеу жасау, КҚ брондау, КҚ жалға алу сессиясының басталуы мен аяқталуы, сондай-ақ Шарттан туындайтын өзге де іс-әрекеттерді жасау. Мобильді құрылғыға Anytime мобильді қосымшасын орнату үшін, Клиент өз бетінше Интернет желісінде www.itunes.apple.com және (немесе) www.play.google.com сервистерін пайдалана отырып қажетті әрекеттерді жасайды. Мобильді қосымшаны Anytime Жалға берушінің түрлі жобаларында пайдаланғанына байланысты, Anytime Мобильді қосымшасының функционалы жобаға байланысты ерекшеленуі мүмкін.

1.19. **Мобильді құрылғы** - iOS немесе Android операциялық жүйелері базасында жұмыс істейтін электрондық құрылғы (смартфон, ұялы телефон, планшет).

1.20. **Жариялау** - Шарттың 6.2-тармағында көзделген мағынаға ие.

1.21. **ЖКЕ** - Қолданылатын заңнамаға сәйкес Жол жүрісі қағидалары және «Жол жүрісі туралы» 2014 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында және (немесе) (2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 қарашадағы № 1196 қаулысымен бекітілген Жол жүрісі қағидаларында және (немесе) (3) Қазақстан Республикасының өзге де құқықтық актілерінде белгіленгендерді шектеусіз қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей Жалға алу сессиясы барысында жол қозғалысына қатысушы ретінде Клиентке таратылатын Жол жүрісі қағидалары.

1.22. **Дербес деректер** - Жалға беруші электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасығышта тіркейтін, Клиентке қатысты мәліметтер, оның ішінде: (1) тегі, аты және әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын Құжатта көрсетілген жағдайда), және (2) туған күні, айы мен жылы, және (3) туған жері және (4) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) - тек Қазақстан Республикасының азаматтары және (немесе) азаматтығы жоқ адамдар үшін, және (5) жеке басын куәландыратын құжатты берген орган, оның берілген күні және қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, және (6) тұрғылықты жері және уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеу мекенжайы туралы мәліметтер, тұрғылықты орны бойынша тіркелген орнынан тыс болған жағдайда, және (7) жүргізуші куәлігінің деректері (берген орган, берілген күні мен қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, басқару үшін рұқсат етілген КҚ

санаттары), және (8) байланыс деректері, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ұялы телефонның Байланыс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, және (9) көлік құралын пайдалануға медициналық қарсы көрсетімдердің болуы (болмауы) туралы деректер, және (10) фотосурет, және (11) жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы деректер, және (12) клиенттің геолокация деректері (навигациялық деректері), және (13) осы Шартты және (немесе) Anytime бағдарламалық жасақтамасын пайдалану туралы келісімдерді жасасуға және орындауға байланысты немесе жасалуы мүмкін кез келген өзге де деректер. Жалға берушінің нормативтік құжаттарында, Дербес деректерді жинауға және өңдеуге арналған Келісімде, Шарттың қосымшаларында және өзге де құжаттарда дербес деректерді құрайтын деректердің өзге тізбесі көзделуі мүмкін.

1.23. **Қосылу туралы растау** - Клиенттің Шарт талаптарымен келісетінін растайтын құжат. Клиенттің қосылу туралы растауды жіберу - Клиенттің Шарт жасасуға және Компанияның Шарт жасасқанын растауын күтуге (Клиенттің есептік жазбасын құра отырып және оны белсендіре отырып) немесе Компанияның Шарт жасасудан бас тартуына бағытталған іс-әрекеттер жасауын білдіреді.

1.24. **Қағидалар** - осы Шартқа № 1 қосымша болып табылатын Anytime каршеринг сервисін пайдалану қағидалары.

1.25. **Сақтандыру қағидалары** – «Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (1) және Сақтандыру ұйымы белгілеген сақтандыру қағидаларында (2) және өзге де заңдарда (3) белгіленген шектеулерсіз қоса алғанда, қолданыстағы заңнамаға сәйкес Клиенттің сақтауы үшін міндетті сақтандыру шарттары Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру саласын регламенттейтін құқықтық актілермен қамтамасыз етіледі.

1.26. **Қолданылатын заңнама** - Қазақстан Республикасының заңнамасы.

1.27. **Anytime бағдарламалық жасақтамасы** - Anytime сервисінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін бағдарламалық құралдардың жиынтығы (оның ішінде Сайт, Anytime мобильді қосымшасы).

1.28. **КҚ пайдаланудың рұқсат етілген аймағы** - КҚ пайдалануына Аумақтық шектеуде көрсетілген (осы Шартқа № 6 қосымша), және (немесе) кіруге Қолданылатын заңнамамен немесе меншік иелерімен заңды түрде тыйым салынған және (немесе) шектелген аумақты қоспағанда, Шартқа сәйкес КҚ пайдалануға рұқсат етілетін Қазақстан Республикасының аумағы.

1.28.1. Рұқсат етілген тұрақ аймағы - ҚР ЖҚЕ сәйкес көлік құралдарын тұраққа қоюға рұқсат етілетін, бұл ретте жабық, еркін кіруді-шығуды шектейтін болып табылмайтын, оның ішінде терминалдар арқылы

және/немесе шлагбаумдар (қақпалар және т. б.) арқылы өтуді көздемейтін КҚ пайдалану аумағы, бұдан басқа, тұрақ аумағы GPS сигналдары мен мобильді желілерді шектемеуі қажет (жабық және жерасты паркингтері).

1.29. **Клиентті Anytime мобильдік қосымшасында немесе Сайтта тіркеу** - Клиенттің Anytime мобильді қосымшасын және (немесе) Сайтты осы Шартты орындау үшін пайдалану мүмкіндігін алу мақсатында, Сайтта немесе Anytime мобильді қосымшасында (тіркеу және авторландыру тәртібі) Шартта (оған қосымшаларда) берілген нұсқаулықтарда көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы.

1.31. **«Күту» режимі** - КҚ қозғалтқышы ажыратылған («сөндірілген»), трансмиссия иінтірегі «Р» режимінде болатын, есіктері жабық, әйнектері көтерілген кезде КҚ пайдалану режимі, оның ішінде оның жекелеген түрлері. Шартта көзделген жағдайларда, Жалға алу сессиясы кезеңінде Клиент тандаған КҚ-ны ол үшін сақтау мақсатында пайдаланылады. «Күту» режимінде КҚ-ның қозғалуына жол берілмейді.

1.31.1. «Сапар» режимі - ҚР ЖҚЕ сақтай отырып, КҚ пайдалану рұқсат етілген аймағында жүру үшін оның мақсатына сәйкес пайдалануға болатын КҚ пайдалану режимі,

1.32. **Сайт** – <https://anytime.kz>.

1.32.1. Anytime сервисі (Сервис) – Сайтта, сондай-ақ Anytime мобильді қосымшасында орналастырылған WEB-интерфейсті қамтитын бағдарламалық кешен, ол:

- жалдау үшін ұсынылатын КҚ-ның орналасуымен және сипаттамаларымен Мобильді қосымшадағы интерактивті картада танысуды;
- КҚ-ын брондауды (алдын ала Жалдау шартын жасасу);
- КҚ-ын жалдауды (КҚ-ын негізгі Жалдау шартын жасасу), жалдау режимдерін өзгертуді;
- Мобильді қосымшаның функционалы шегінде КҚ-мен интерактивті өзара іс-қимылды;
- электрондық қолтаңбаны қалыптастыруды, Тараптар арасында электрондық құжаттарға қол қоюды және жіберуді ұйымдастыруды, сондай-ақ жіберілуі сервисті пайдаланумен шартталған және тек мобильді қосымшаны пайдалана отырып жүзеге асырылуы мүмкін құжаттар мен хабарламалар үшін Мобильді қосымшада (Сайтта) іс-әрекеттердің жасалғанын растауды;
- осы Шартқа және сервис шеңберінде жасалатын Шарттарға, сервисті пайдалану туралы өзге де құжаттарға сәйкес төлемдер жасауды;
- осы Шарт және сервис шеңберінде жасалатын Шарттар, сервисті пайдалану туралы өзге де құжаттар бойынша қатынастардың туындауына,

өзгеруіне, тоқтатылуына бағытталған заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасауды қамтамасыз етеді.

1.33. **Өндірілген құпиясөз** - Жалға беруші Клиентке ұялы телефонның байланыс нөміріне SMS-хабарлама түрінде жіберген, Сайтта және (немесе) Anytime мобильдік қосымшасында Клиенттің Жеке кабинетіне кіру үшін пайдаланылатын символдардың бірегей реттілігі. Өндірілген құпиясөз Құпиясөз қасиеттеріне ие, Логинмен жиынтықта Логин мен Өндірілген құпиясөзді пайдалана отырып жасалған іс-әрекеттер көзі Клиент болып табылатындығын растайтын Клиенттің өз қолымен қойған қолының аналогын құрайды.

1.34. **Сертификатталған құралдар** - Шарттың 5.11-тармағының бірінші абзацында көзделген мағынаға ие, сондай-ақ КҚ-да орнатылған құралдар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: -фото, - видео тіркеу құралдары, GPS мониторинг құралдары және т.б.

1.35. **Жалға беру сессиясы** - жалға алу басталған сәттен бастап («Машинаны ашу» батырмасын басу) және Шартқа сәйкес жалға алу аяқталған сәтке дейінгі уақыт кезеңі.

1.36. **Айыппұл санкцияларының жүйесі** – Клиенттің осы Шарттың жекелеген талаптарын орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Жалға беруші тарапынан Клиентке қатысты қолданылатын, Сайтта және Мобильді қосымшада (бір мекенжай бойынша да, Сайт немесе Мобильді қосымша шегінде әртүрлі мекенжайлар бойынша да) орналастырылған, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Айыппұл санкциялары туралы ақпарат.

1.37. **Тарифтер** - Жалға беруші Клиенттен алатын, (1) Шартқа № 2 қосымшада берілген, және (2) Сайтта және/немесе Anytime мобильдік қосымшасында орналастырылып, жекелеген акциялар аясында пайдаланылатын Жалға берушінің сыйақы мөлшерлері.

1.38. **КҚ пайдалануына қойылатын аумақтық шектеулер** - № 6 қосымшаға сәйкес КҚ пайдалануға қойылатын талаптар мен аумақтық шектеулерді белгілейтін шектеулер.

1.39. **КҚ** - осы Шарттың талаптарына сәйкес Клиентке уақытша иеленуге және пайдалануға берілетін көлік құралы.

1.40. **Азайтылған айыппұл** - Шарттың 5.11-тармағының төртінші абзацында көзделген мағынаға ие.

1.41. **Клиенттің есептік жазбасы** – Клиенттің сервиспен жұмысы кезінде пайдаланылатын және Клиент туралы мәліметтерді, оның ішінде ол енгізген Дербес деректерді қамтитын, және Клиент атынан Сайттың және (немесе) Anytime мобильді қосымшасының сервистерін басқару үшін қызмет ететін

Клиент - Сайтты және (немесе) Anytime мобильді қосымшасын пайдаланушы туралы деректер жиынтығы.

1.42. **Айыппұл санкциялары (бұдан әрі мәтін бойынша – «Айыппұл санкциялары немесе «Айыппұлдар» немесе «Санкциялар»)** - осы Шартқа 5-бөлімінде және № 3 қосымшасында көзделген, қолданыстағы азаматтық заңнамада айқындалғандай, Шарт талаптары бұзылған жағдайда Клиент Жалға берушіге төлеуге міндетті тұрақсыздық айыбы. Тұрақсыздық айыбы жалпы тұрақсыздық айыбынан («әкімшілендіру») және жеке құраммен белгіленген арнайы тұрақсыздық айыбынан тұрады.

1.43. **КҚ эвакуациясы** – көлік құралын уақытша сақтау үшін арнайы алаңдарға, тұрақтарға, сондай-ақ ішкі істер органдарының уәкілетті лауазымды тұлғалары көлік құралын ұстаған және (немесе) оны пайдалануға тыйым салған жағдайлардың салдары ретінде, сондай-ақ Қолданылатын заңнамаға сәйкес өзге де жағдайларда іске асырылатын басқа көлік құралын (эвакуаторды) пайдалану арқылы мәжбүрлі түрде жеткізу нысанында жүзеге асырылады әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары.

1.44. **Push-хабарлама** - Жалға берушінің ақпараттық жүйесінде тіркелген Клиенттің мобильді құрылғысының экранында қалқып шығатын, Жалға берушіге қызмет көрсететін серверден Клиенттің мобильді құрылғысында орнатылған Anytime Мобильдік қосымшасына жіберілетін қалқыма хабарлама.

1.45. **SMS-хабарлама** - Клиенттің ұялы телефонының Байланыс нөміріне жіберілетін қысқа мәтіндік хабарлама. SMS-хабарламаларды Жалға беруші Шартты орындау шеңберінде, сондай-ақ ақпараттық мақсаттарда, оның ішінде Клиентті Жалға берушінің ақпараттық жүйесіне тіркелген банк карталарын пайдалана отырып, операция жасалғаны туралы хабардар ету мақсатында жіберуі мүмкін.

1.46 Ақша қаражатын холдингтеу - мобильді қосымшада Клиент тіркеген банк картасының шотындағы белгілі бір соманы уақытша бұғаттау (тыйым салу). Холдингтеуді Жалға беруші белгілеген шарттарда қолдануға болады, сатып алу сомасын эмитент банк кейіннен есептен шығару үшін қатырады. Осы кезде карта бойынша қол жетімді теңгерім сатып алу сомасына азаяды, бірақ ол шоттан алынбайды (карта ұстаушы мұны жеке кабинеттен көре алады). Есептен шығару эмитент-банкке клирингтік файлдар түрінде эквайер-банктен жүргізілген операцияны растау түскен кезде орын алады. Егер растау келмесе, операция сомасы біраз уақыт сақталады, содан кейін тыйым салу алынады және шот теңгеріміне қосылады. Мұндай холдингтеудің мерзімін әр банк өз қалауы бойынша белгілейді.

1.47 **Түсіндіру.** Осы Шартта:

(a) егер мән-мәтіні өзгені талап етпесе, жекеше түрді білдіретін сөздер көпше түрді қамтиды және керісінше;

(b) белгілі бір тармақшаға, тармаққа, бөлімге, қосымшаға сілтеме осы Шарттың мұндай көрсетілген тармақшасына, тармағына, бөліміне немесе қосымшасына сілтеме ретінде түсіндіріледі;

(c) (i) өзгеріске немесе өзгертілген шартқа сілтеме толықтыруды, өзгертуді, басқаға беруді, жаңартуды, қайта қарауды, жаңа редакцияда қабылдауды қамтиды және (ii) шартқа сілтеме мезгіл-мезгіл өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін мұндай шартқа сілтеме ретінде түсіндіріледі;

(d) тақырыпаттар сілтеменің ыңғайлылығы үшін ғана енгізілген және осы Шартты түсіндіруге әсер етпейді;

(e) «заңнамаға» кез келген сілтеме Қазақстан Республикасының Конституциясына, сондай-ақ оны іске асыруға қабылданған кез келген заңға (оның ішінде конституциялық заңға) және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын кез келген халықаралық шартқа, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына, орталық және (немесе) жергілікті мемлекеттік органның немесе уәкілетті лауазымды тұлғаның бұйрығына, сондай-ақ күші Қазақстан Республикасы аумағының шегінде белгіленбеген тұлғалар тобына қолданылатын, Қазақстан Республикасының «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңы белгілегендей, мемлекеттік органдардың өзге де құқықтық актілері мен шешімдеріне сілтемені білдіреді;

(f) заңнама ережесіне кез келген сілтеме мезгіл-мезгіл өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін немесе жаңа редакцияда қабылданатын мұндай ережеге сілтеме болып табылады;

(g) «тұлғаға» сілтеме кез келген жеке немесе заңды тұлғаны, фирманы, компанияны, корпорацияны, үкіметті, мемлекетті немесе мемлекеттік органды, немесе кез келген бірлестікті, сенімгерлік қорды немесе серіктестікті (оның жекелеген заңды тұлға ретінде құрылғанына қарамастан) немесе жоғарыда көрсетілген тұлғалардың екеуін немесе одан да көбін қамтиды, ал «тұлғаға» сілтемелер оның құқықтық мирасқорларын және рұқсат етілген цессионарийлерін қамтиды;

(h) «қоса алғанда» және «қамтиды» сөздерінің артында «шектеусіз» деген сөз тіркесі болмаған жағдайда, ол олардан кейін бар деп есептеледі;

(i) «шетелдіктерге» кез келген сілтеме шетелдіктерге де, оның ішінде екі және одан да көп азаматтығы (Қазақстан Республикасының азаматтығын қоспағанда) бар шетелдіктерге де, сондай-ақ олардың

Қазақстан Республикасында тұрақты тіркелуінің құжаттамалық растамасы жоқ азаматтығы жоқ тұлғаларға да сілтемені қамтиды.

1.48 Шартпен реттелетін құқықтық қатынастар. Осы Шарт аралас болып табылады және мыналарды қамтиды:

- Клиентке Anytime Мобильді қосымшасы мен Сайттың функционалдық мүмкіндіктерін пайдалану мүмкіндігін ұсынудан туындайтын қызметтер көрсету жөніндегі құқықтық қатынастар, оның ішінде КҚ-ын іздеуді жүзеге асыру, КҚ туралы ақпарат алу, КҚ-ын брондау және жалға алу бойынша қатынастарға түсу, жалға алу бойынша қатынастарды тоқтату. Қызмет көрсету бөлігіндегі құқықтық қатынастар Шарт жасалған сәттен бастап туындайды және оның қолданылу мерзімі ішінде қолданылады;

- қабылдау-тапсыру актісі бойынша нақты объектіні жалға алу кезінде туындайтын және КҚ-ын қайтару актісі бойынша жалға беруден қайтару кезінде аяқталатын КҚ-ын жалға беру жөніндегі құқықтық қатынастар.

Қызметтерді көрсету қатынастарының мәніне және КҚ-ын жалға беру қатынастарының мәніне қатысты жекелеген мәселелер Шарттың тиісті ережелерімен, оған қосымшалармен регламенттеледі, Мобильді қосымшада көрсетіледі. Шарттың нормаларын және оған қандай да бір құқықтық қатынастарға қосымшаларды қолдану кешенді түрде жүзеге асырылады, өйткені Anytime сервисін пайдалану бойынша қызметтерді көрсету, Мобильді қосымшаны зияткерлік қызметтің нәтижесі ретінде пайдалану құқығы, КҚ-ын жалға алу Anytime сервисін ұсыну бойынша жүйелік құқықтық қатынастармен қамтылады.

1.49 Электрондық өзара әрекеттесу.

Сайт пен Мобильді қосымша арқылы өзара іс-қимыл жасау мақсатында және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 152-бабының ережелерін басшылыққа ала отырып, Тараптар заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасау көзін белгілеуге мүмкіндік беретін және электрондық қолтаңбаны (электрондық цифрлық қолтаңбаға жатпайтын), электрондық қолтаңба кілтін, өндірілген құпия сөзді жасауды көздейтін арнайы тәртіпті көздеді.

1.49.1 Электрондық қолтаңба (клиент) - қол қойылған ақпаратқа (құжатқа) қосылатын және Клиенттің Мобильді қосымшада немесе Сайтта іс-әрекеттер жасау фактісін растау үшін пайдаланылатын электрондық нысандағы Клиент туралы дербес ақпарат. Бұл Клиент туралы шифрланған мәліметтерді, соның ішінде Клиенттің сәйкестендіргішін білдіреді. Жалға алу сессиясына қатысты оқиғаларға қатысты Клиенттің сәйкестендіргішімен байланысты жалдау сәйкестендіргіші да қолданылады.

1.49.2 Электрондық қолтаңба кілті - Электрондық қолтаңбаны жасауға арналған бірегей таңбалар тізбегі.

1.49.3 Клиент Мобильді қосымшаға немесе жеке кабинетке кірген кезде «Логин + өндірілген құпия сөз» жұбын пайдалана отырып, жүйемен (Клиенттің сәйкестендіргіші) өзара іс-қимыл жасау кезінде, оның ішінде жүйеде заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасау кезінде Клиентті анықтауға мүмкіндік беретін электрондық қолтаңба кілті қалыптастырылады.

Жүйемен жұмыс істеу және Клиенттің электрондық қолтаңба кілтімен байланысын орнату үшін Клиент тек өзіне белгілі логин мен өндірілген құпия сөзді енгізеді. Көрсетілген «Логин + өндірілген құпия сөз» жұбы электрондық қолтаңба жасау және заңды маңызы бар құжаттарға қол қою, заңды маңызы бар іс-әрекеттер жасау үшін қажетті және бірегей шарт болып табылады. Электрондық қолтаңбамен құжаттарға қол қою және электрондық қолтаңбаны пайдалана отырып, заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасау құжаттарға Клиенттің жеке қолымен қол қоюға және Клиенттің атынан өзге де заңдық маңызы бар іс-әрекеттер жасауға теңестіріледі. Шарттың осы тармағына сәйкес жасалған электрондық қолтаңбамен қол қойылған электрондық нысандағы ақпарат өз қолымен қол қойылған қағаз жеткізгіштегі құжатқа тең электрондық құжат болып танылады.

Клиенттің Мобильді қосымшадағы немесе Сайттағы белсенді пернелерді басуы (тиісті функционал болған жағдайда) Шарттың осы тармағында айқындалған тәртіппен электрондық қолтаңба кілтін пайдалана отырып, электрондық қолтаңбаны жасайды және құжаттарға Электрондық қол қоюды, мобильді қосымшада іс-әрекеттердің жасалғанын электрондық растауды білдіреді.

Клиент «Логин + өндірілген құпия сөз» жұбының мәліметтерін жария ету тәуекелін Клиенттің есептік жазбасында жұмыс істеп тұрған Мобильді қосымшасы бар Электрондық құрылғының Клиенттің иелігінен шығу тәуекелін қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, Клиент көтереді. Мобильді қосымша немесе жеке кабинет арқылы жасалған барлық әрекеттер Клиенттің қолымен жасалған деп есептеледі.

Мобильді қосымшада қолданылатын Шартта келтірілген белсенді пернелердің атаулары Мобильді қосымшаның нұсқасына байланысты өзгеруі мүмкін. Дегенмен, семантикалық мағына өзгермейді.

2. ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

I. Шарттың мәні

2.1. Жалға беруші шартта айқындалған тәртіппен Клиентке Anytime сервисін ұсынуға міндеттенеді, оның шеңберінде КҚ Клиентіне оның сұрауы бойынша КҚ-ын уақытша (24 сағатқа дейін немесе одан да көп) иеленуге және пайдалануға (жалға алуға) КҚ-ын басқару бойынша қызмет көрсетусіз беруге,

КҚ-ын брондауға (КҚ-ын алдын ала жалдау шартын жасасуға), ал Клиент осы Шарттың және оған қосымшалардың талаптарына (талаптарына) сәйкес КҚ-ын пайдалануға, жалдау ақысын, өзге де төлемдерді уақтылы төлеуге, Шарттың барлық өзге талаптарын тиісінше орындауға міндеттенеді.

2.2. КҚ-ын брондау, КҚ-нын жалға алу сессиясының басталуы мен аяқталуы, сондай-ақ Шарттан туындайтын өзге де әрекеттерді жасау Шартта айқындалған әрекеттерді (1) Сайтта және (немесе) (2) Мобильді қосымшада және (немесе) (3) Жалға берушінің ақпараттық орталығы арқылы (Шартта тікелей көзделген жағдайларда) жасау арқылы жүзеге асырылады.


2.40.4. Өз есебінен, Қолданылатын заңнамаға сәйкес КҚ техникалық тексерулерден өткізуді уақытылы ұйымдастыру;

2.40.5. Клиенттің КҚ пайдалануы үшін КҚ жанар-жағармай материалдарымен (бензин, май және т.б.) өз есебінен қамтамасыз ету. Қағидаларда белгіленген жағдайларда және тәртіппен, КҚ жанармаймен толтыру кезінде Клиент Жалға берушінің жанармай картасын/карталарын пайдалану арқылы немесе Клиенттің есебінен Жалға беруші бонустар беруі мүмкін. Жалға беруші жалға алынған КҚ-ны ақшалай нысанда жанармаймен өздігінен толтыруға арналған Клиенттің шығындарын өтемейді.

2.41. Егер Тарап оған осы Шартта берілген қандай да бір құқықтарды пайдаланбаса, тиісті құқықтар тоқтатылмайды, және Тарап оларды одан әрі пайдалануға құқылы.

3. Қызметтердің құны және төлеу тәртібі

3.1. КҚ пайдаланғаны үшін Клиент Жалға берушіге жалдау ақысын төлейді, сондай-ақ сондай-ақ тарифтерге сәйкес есептелетін және 12% ҚҚС-ты қамтитын өзге де қызметтерге ақы төлейді. Клиент КҚ-ын пайдалануда Аумақтық шектеулерге сәйкес (Шартқа № 6 қосымша) КҚ қалдырылған жағдайларда ғана (аялдау, тұру) тұрақ кеңістігін пайдалануға ақы төлеу бойынша шығыстарды көтермейді.

3.2. КҚ жалға алудың базалық құны, егер Шартта өзгеше көзделмесе, Жалға берушіде қолданылатын Тарифтерде көрсетілген. Жалдау құнын толық есептеу динамикалық тарифтеуді ескере отырып жүзеге асырылады, онда келесілер ескеріледі (қоса алғанда, бірақ онымен шектелмейді): жалға алу уақыты, ауа-райы жағдайлары, КҚ орналасқан жері, бонус-малус, жанармай деңгейі, рейтингі және т. б. Тарифтің соңғы мөлшерін Клиент мобильді қосымшада нақты КҚ біреуін жалға алу алдында біле алады.

Сонымен қатар, клиент динамикалық тарифтеуге байланысты КҚ жалға алу құны әр түрлі болуы мүмкін екенін түсінеді және келіседі, өйткені ол әр түрлі факторларға байланысты.

3.3. Шарт бойынша КҚ жалға алу бойынша төлемдер Жалға берушінің серіктес-банкі арқылы Клиенттің банк картасынан ақша қаражатын есептен шығару арқылы жүзеге асырылады. КҚ жалға алу үшін төлемдер алу төлем жасау үшін комиссия алынбай жүзеге асырылады. Жалға беруші ақшалай қаражатқа холдингтеуді де қолдануға құқылы.

3.4. Өндірілген құпиясөзді алғаннан кейін және Сайттың және Anytime мобильді қосымшасының сервистеріне шектеулі кіруді ашқаннан кейін Клиент Сайт және Anytime мобильді қосымшасы сервистеріне Шарт бойынша төлем жасау үшін ақша қаражаты есептен шығарылатын банк картасын байлай алады. Интернет-төлемдерді жасау мүмкіндігі бар банк карталарын пайдалануға жол беріледі. Интернет-төлемдерді жасау мүмкіндігін Клиент банк картасын шығарған банк арқылы өздігінен қамтамасыз етеді. Бұрын бекітілген банк картасын ажырату үшін Клиент Жалға берушіге жүгінуі қажет, ол өз кезегінде Клиенттің банк картасын ажыратуды жүргізеді.

3.5. Сайтта немесе Anytime мобильді қосымшасында тіркелу кезінде Сайт (Anytime мобильді қосымшасы) жүйелерін Клиент бекіткен банк картасымен интеграциялау жүзеге асырылады, бұл Шартта көзделген және одан туындайтын міндеттемелер бойынша төлем ретінде Клиенттің банк картасынан ақша қаражатын есептен шығаруға мүмкіндік береді.

3.6. Клиент бекіткен банк картасынан ақша қаражатын есептен шығару Жалға берушінің Тарифтеріне және Шарттың өзге де талаптарына қатаң сәйкес жүзеге асырылады. Ақша қаражатын есептен шығару Жалға берушіде Шартқа сәйкес оларды есептен шығару үшін негіздер туындаған кезде жүзеге асырылады, оның ішінде: КҚ жалдауды тоқтату (оның ішінде Жалға алу сессиясының аяқталуы), Клиенттің Шарт талаптарын бұзғаны туралы мәліметтерді алу, залалдарды өтеуге, тұрақсыздық айыбын төлеу есебіне және Шартта белгіленген өзге де жағдайларда.

3.7. КҚ пайдалану үшін ақша қаражатын есептен шығару КҚ Жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін де, КҚ Жалға алу сессиясы барысында де бөлшектеп, холдингтеу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Алдын ала төлемді не осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілгеннен ерекшеленетін өзге де төлем тәртібін көздейтін Тарифтерге және пакеттерге (Шартқа № 2 қосымша) сәйкес КҚ пайдаланғаны үшін ақша қаражатын есептен шығару тиісінше Жалға алу сессиясы басталар алдында немесе тиісті Тарифтермен немесе пакеттермен көзделген өзге де тәртіппен жүзеге асырылады.

3.8. Клиенттің банк картасында ақша қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда, Жалға беруші бұл туралы Клиентті Сайтта және/немесе Anytime мобильдік қосымшасында Жеке кабинетте ақпаратты көрсету арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы және/немесе тіркеу кезінде

көрсетілген ұялы нөмірге, сондай-ақ КҚ брондауға әрекет еткен кезде хабарлайды. Төлем жасаудан бас тарту жағдайлары:

3.8.1. Клиенттің банк картасы Интернет желісін пайдалана отырып төлемдер жасауға арналмаған, немесе интернетке транзакциялар жасау лимитінің асып кетуі немесе лимиттің болуы;

3.8.2. Клиенттің шотында банк картасы бойынша төлеу үшін қаражат жеткіліксіз. Банк картасындағы қаражаттың бар-жоғы туралы Клиент картаны шығарған банкке хабарласып біле алады;

3.8.3. Банк картасының деректері қате енгізілген;

3.8.4. Банк картасының қолданылу мерзімі өтіп кетті. Банк картасының қолданылу мерзімі, әдетте, картаның бет жағында көрсетілген (карта жарамды болатын ай мен жыл). Банк картасының қолданылу мерзімі туралы толығырақ Клиент банк картасын шығарған банкке хабарласып біле алады.

3.10. Банк картасының көмегімен төлеу мәселелері және серіктес банк сайтының жұмысына байланысты өзге де мәселелер бойынша Клиент 8 702 333 44 88 телефоны арқылы немесе [\[email protected\]](#) арқылы хабарласа алады.

3.11. Клиент өзінің банк картасынан КҚ пайдаланғаны және осы Шарт бойынша өзге де төлемдерді (Жалға берушінің пайдасына айыппұлдар мен өзге де төлемдерді қоса алғанда) жүзеге асырғаны үшін ақша қаражатын акцептсіз тәртіппен есептен шығаруға сөзсіз келісімін береді. Клиенттің алдын ала осы акцептің бар-жоғын тексеруді Заңда және банк ережелерінде айқындалған тәртіппен және шарттарда Клиент пен Жалға берушінің есептеулерін қамтамасыз ететін серіктес банк жүргізеді. Клиент алдын-ала берілген акцепті ұсынуды/қайтарып алуды дербес қамтамасыз етеді. Соманы толық көлемде да, Жалға берушінің қалауы бойынша бөліктермен де есептен шығаруға жол беріледі. Клиент Қолданылатын заңнамаға сәйкес өзіне тиесілі емес банк картасын бекіткен жағдайда дербес жауапкершілік көтереді, бұл ретте үшінші тұлғалардың кез келген талап-арыздары мұндай жағдайда банк картасын өзінің аккаунтына тіркеген тұлғаға жіберілуі тиіс.

3.12. Банк картасында ақша қаражаты жеткіліксіз болған, немесе Жалға берушінің басқа негіздер бойынша банк картасынан ақша қаражатын есептен шығаруы мүмкін болмаған жағдайда, Клиент КҚ пайдалану аяқталған сәттен бастап (КҚ пайдалану үшін Anytime тарифтері бойынша төлем ақы төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда) немесе тиісті хабарлама/ақша қаражатын бірінші есептен шығару (өзге төлемдер үшін) алған сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірмей КҚ жалға алуға және/немесе өзге де төлемдерді төлеуге міндеттенеді. Мұндай жағдайда Клиент есептен шығаруды жүргізу үшін банк картасындағы қаражаттың жеткілікті қалдығын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.13. Клиент Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Жалға беруші Клиентті жауапкершілікке тарту үшін уәкілетті органдарға, соттарға, сондай-ақ Жалға беруші ақша қаражатын өндіріп алу және/немесе соттан тыс/сот жолымен реттеу үшін тартуы мүмкін үшінші тұлғаларға тиісті мәліметтерді (Клиенттің дербес деректерін қоса алғанда) жіберуге құқылы.

3.14. Клиенттің банк картасынан ақша қаражатын қате есептен шығарған жағдайда, Клиент Алматы қ., Назарбаев даңғылы, 235 үй, 95 үй-жай, 5 қабат мекенжайы бойынша Жалға берушіге өтініш жасауға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, және қате есепке алынғанын растайтын құжаттарды (чектер/түбіртектер, шоттан үзінді көшірмелер) қоса бере отырып, Жалға беруші көрсеткен нысан бойынша ақша қаражатын қайтару туралы өтінішті толтыруға құқылы. Жалға беруші 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, Клиенттің ақша қаражаты Шартқа сәйкес есептен шығарылған жағдайларды қоспағанда, осы Өтінішті серіктес банкке жібереді. Жалға берушінің келісімі бойынша Клиент тиісті өтінішті [\[email protected\]](#) поштасына Клиенттің есептік жазбасында көрсетілген оның пошта жәшігінен жіберуі мүмкін.

Клиент ақшалай қаражатты тікелей банкке немесе банкке Жалға беруші арқылы қайтару үшін жүгінген кезде ақшалай қаражатты қайтаруды Жалға берушінің серіктес банкі белгіленген банктік қағидаларға сәйкес ақшалай қаражатты қайтару туралы өтініште көрсетілген Клиенттің банктік шотына жүзеге асырады. Клиент ақша қаражатын тікелей жалға берушіге қайтару үшін жүгінген жағдайда, Жалға берушінің талаптары тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес орындалады (егер қажет болса).

Ақша қаражатын қайтару тәртібі халықаралық төлем жүйелерінің қағидаларымен реттеледі.

Қолма-қол ақша қаражатымен қайтаруға жол берілмейді.

3.15. Шартқа сәйкес Интернет желісін пайдалана отырып төлеу қызметі халықаралық төлем жүйелерінің ережелеріне сәйкес, құпиялылықты сақтау және төлемді жүргізудің қауіпсіздігі қағидаттарында деректерді тексеру, шифрлеу және жабық байланыс арналары арқылы берудің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып, Жалға берушінің серіктес банкі арқылы жүзеге асырылады. Клиенттің банк картасының деректерін енгізу және өңдеу серіктес банктің немесе төлем қызметін көрсететін ол тартқан ұйымның қорғалған төлем бетінде жүзеге асырылады.

3.16. Шартта немесе Жалға беруші жүргізетін жекелеген науқандарда жеңілдіктерді, оның ішінде бонустар түріндегі жеңілдіктерді пайдалана отырып, «Anytime» сервисін (Пакеттерін) алдын ала төленген пайдалануды сатып алу мүмкіндігі көзделуі мүмкін.

4. Жалдау мерзімі

4.1. КҚ жалдау мерзімі минуттармен өлшенеді және 23 сағат 59 минуттан аспауы тиіс. Жалға алу кезеңі клиенттің КҚ-ны нақты пайдалану уақытымен (Жалға алу сессиясы ішінде) анықталады. Толық емес минуттар толық минутқа дейін үлкен жағына дөңгелектенеді. Сатып алынған пакет шеңберінде алдын ала төленген, бірақ пайдаланылмаған уақыттың құны, заңда көрсетілген императивті жағдайларды қоспағанда, қайтарылмайды.

4.2. КҚ жалдау, сондай-ақ Шарттың 2.38.4 және 2.38.9-тармақтарында белгіленген жағдайларда, КҚ айдап әкету /ұрлау жағдайында, Техникалық қызметтің келісімі бойынша, Клиент Шарттың 2.35.9-тармағында көзделген шарттарды Жалға берушіні хабардар ету бөлігінде сақтаған жағдайда, сондай-ақ Шартта көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

4.3. КҚ-ын жалға беруді жалға беру мерзімі аяқталғаннан кейін Клиенттің жалдау қатынастарын жалғастыру туралы куәландыратын әрекеттері болмаған жағдайда (КҚ қозғалысы, КҚ-ын белгіленген мерзімнен тыс тарифтелген жалдау уақытының болуы және т.б.) Жалға беруші тоқтатады.

5. Жауапкершілік

5.1. Шартты орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар осы Шартқа сәйкес, ал олар реттелмеген бөлігінде - Қолданылатын заңнамаға сәйкес жауапкершілік көтереді.

5.2. Клиент Шартта көзделген немесе одан туындайтын қандай да бір міндеттемелерді орындамаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке тиісті ақпаратты жеткізу қажет болған жағдайда, Жалға беруші Жалға берушіде бар Клиент туралы ақпаратты пайдалана отырып, Клиентпен кез келген қолжетімді байланыс құралдарымен (оның ішінде ұялы телефонның байланыс нөмірі бойынша) байланысуға құқылы. Клиент өзара әрекеттесуден бас тартқан жағдайда, егер ол қолданыстағы заңнамамен рұқсат етілсе, Клиент қолайсыз салдарлар тәуекелін көтереді.

5.3. Жалға беруші Клиентте осы Шарт бойынша Жалға беруші көрсеткен қызметтерге ақы төлеу бойынша берешегі болған жағдайда, бір тәуліктен (24 сағаттан) астам қосымша ескертусіз Клиенттен КҚ алуға, сондай-ақ КҚ пайдалануды тоқтату үшін шаралар қолдануға құқылы. Бұл ретте өз мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша шараларды Клиент өз бетінше қабылдайды.

5.4. Клиент осы Шарттың талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Клиент Санкцияларды көзделгендей мөлшерде Санкцияларды төлеуге, сондай-ақ бұған қосымша Жалға берушіге келтірілген

шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді. Берешектің, келтірілген шығындардың, Санкциялардың сомалары жинақталады.

5.4.1. Клиенттің жалға алғаннан кейін көлік құралында (оның ішінде Мобильді қосымшадағы кейінгі пайдаланушылардың фототіркеуі) жаңа зақым анықталған/табылған жағдайда, Жалға беруші келтірілген залал және/немесе зардап үшін талаптарды қанағаттандыру тәсілін а) осы Шарттың басқа №2 кесте негізінде (осы Шартқа 3-қосымша), ЖКО немесе КҚ зақымдануы кезінде шығындарды/залалды реттеуді реттейтін шарттар негізінде дербес таңдауға құқылы.

5.5. Шартқа сәйкес өтеу үшін негіздер болған кезде КҚ зақымдануының бір жағдайы бойынша Жалға берушінің пайдасына Клиенттен келтірілген шығындардың мөлшері 200 000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл шектеу:

5.5.1. Клиент Шарттың 2.35.8-2.35.16-тармақтарында көрсетілген міндеттерді, оның ішінде КҚ зақымдануына байланысты, оның ішінде ЖКО болған жағдайда да орындамаған жағдайда;

5.5.2. Жалға алу сессиясы барысында Шарттың 5.14, 5.16-тармақтарында көрсетілген оқиғалар орын алған жағдайда;

5.5.3. Жалға беру сессиясы барысында ЖКО болмаған кезде КҚ-ға қасақана зақым келтіру орын алған, яғни Клиент өз әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) қолайсыз салдарын сезінген, мұндай салдарларды алдын ала білген және олардың туындауын қалаған немесе оларға саналы түрде жол берген не оларға немқұрайлықпен қараған жағдайларда;

5.5.4. Жалға алу сессиясы барысында Шарттың 2.5, 2.7, 2.35.3-тармақтарындағы бұзушылықтар орын алған жағдайда;

5.5.5. Егер КҚ-ның зақымдануы жалға алынған КҚ-ның қарсы қозғалыс жолағына / жалға алынған КҚ-ның бағдаршамның тыйым салу сигналына шығуына / жалға алынған КҚ-ның осы үшін ЖҚЕ белгіленбеген орында бұрылуына / белгіленген жылдамдық жылдамдығы асып кеткеніне байланысты туындаған жағдайда

5.5.6. Клиент Шарттың 5.21 тармағының төртінші абзацында көрсетілген әрекеттерді (әрекетсіздікті) жасаған жағдайда;

5.5.7. КҚ-ын алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық масаң күйде жүргізген жағдайда, сол сияқты Қолданылатын заңнамада көзделген жағдайларда медициналық куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда.

5.5.8. Төлеуге жататын сомаларды төлемегені (уақтылы төлемегені) үшін айыпақыны төлеу, сондай-ақ есептен шығару туралы хабарламада немесе берешекті (кінәрат-талапты) төлеу туралы талапта белгіленген мерзім өткеннен кейін Клиенттен Клиент төлемеген қарызды өндіріп алуды ұйымдастыруға байланысты Жалға берушіге шеккен шығыстарды өтеу жөніндегі міндеттер: сотқа дейінгі реттеуге арналған шығыстар, сот

шығыстары, оның ішінде бөгде мамандарды тарту, үшінші тұлғалардан заңдық, салықтық және өзге де консультациялар алу (заңды және (немесе) консалтингтік қызметтер), пошта шығыстары және өзге де ұқсас шығыстар.

5.5.9. Осы Шарттың кез келген басқа талаптары бұзылған жағдайда қолданылмайды.

5.6. Клиент (жалпы ережеден алу ретінде Шартта тікелей анықталған алуларды қоспағанда) Жалға берушіге ол келтірілген шығындарды, шығыстарды және шығындарды, оның ішінде Клиент Қолданылатын заңнаманы және КҚ Жалға алу сессиясы кезеңінде Шарт ережелерін бұзу нәтижесінде туындаған шығындарды, сондай-ақ КҚ Жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін, егер мұндай шығыстардың себептері Клиенттің іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) болып табылса, Жалға берушіге мыналарды өтейді, олардың ішінде, бірақ олармен шектелмей: айыппұлдар, өсімақылар, соның ішінде мемлекеттік органдар әкімшілік жазалау шаралары ретінде немесе қылмыстық теріс қылықтар үшін және (немесе) қылмыстар үшін, Қазақстан Республикасының ЖҚЕ, көлік қою қағидаларын, жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелерін, немесе Клиенттің КҚ-ын пайдалануына байланысты, немесе Клиенттің КҚ-ын пайдалануынан туындайтын мәселелерді реттейтін Қолданылатын заңнаманың өзге де талаптарын бұзғаны үшін жазалау ретінде салған; қайтару сәтіндегі жалға алынған КҚ жағдайына байланысты, оның ішінде қалыпты тозуға байланысты шығындар; КҚ эвакуациясына ақы төлеуге арналған шығыстар; КҚ арнайы тұрақта немесе алаңда болуына ақы төлеуге арналған шығыстар; МТНБ қалпына келтіруге арналған шығыстар, Клиенттің іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) байланысты туындаған үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелер бойынша Жалға берушінің шығыстары, оның ішінде Шарттың және (немесе) қолданылатын заңнаманың талаптарын бұзатын үшінші тұлғалардан алынатын регресстік талаптар; бағалаушының, сарапшылардың, сараптамалық және өзге де ұйымдардың қызметтері - не ол не сол сараптамаларды өткізуге байланысты; заң қызметтері; консалтинг қызметтері; осы тармаққа сәйкес шығыстарды құрайтын ақша қаражатын Жалға беруші төлеген кезде ұйымдар (оның ішінде банктік және кредиттік) алатын комиссиялық сыйақы; КҚ клиентінің пайдалануына байланысты үшінші тұлғалардың шағымдарына байланысты шығындар; әкімшілік айыппұлдарды, өтемдік төлемдерді және өзге де есептен шығаруды (жіберілген пайданы өтеу есебінен төлемдерді қоспағанда) әкімшілендіргені үшін (Шарттың 5.29-тармағы, оның ішінде Клиентті анықтау, өңдеу, сәйкестендіру, Клиентке бұзушылық туралы хабарламаны қалыптастыру және жіберу үшін алынатын) ақшалай өтемақыны.

5.7. Шартта көрсетілген барлық төлемдерді, шығыстарды, айыппұлдарды төлеу Шарттың 3.3-3.15-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады. Клиент осы

тармақта көрсетілген міндеттерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда (мысалы, Клиенттің банктік шотындағы ақша қаражатының жеткіліксіздігі және т.б.) Жалға беруші Клиентке мерзімі өткен әрбір күн үшін берешек сомасының 1% мөлшерінде, оларды Клиент толық төлеген күнге дейін өсімақы есептеуге құқылы (қолданыстағы заңнамада өсімпұлды есептеуге императивті тыйым салынған жағдайларды қоспағанда). Өсімақыны есептеу Клиенттің Шарттың 3.12-тармағында көрсетілген талаптарды орындамаған күнінен басталады.

5.8. Клиент КҚ, оның құрамдас бөліктерінің, құрылғылары мен/немесе жабдықтарының ұрлану, жойылу, зақымдану тәуекелін өз мойнына алады. Клиент Сессия жалға алу басталған сәттен бастап және ол аяқталғанға дейін үшінші тұлғаларға, басқа көлік құралдарына немесе объектілерге зиян келтіргені үшін (оның ішінде Клиенттің қасақана емес іс-әрекеті, абайсыздығы немесе кездейсоқтық нәтижесінде болса да) жеке жауапкершілік көтереді. Бұл – сақтандыру төлемінің сомасы залалды толық жабуға жеткіліксіз болған жағдайларды да қамтиды.

Сондай-ақ, егер Клиенттің әрекеттері (әрекетсіздігі) осындай теріс салдардың туындауына себеп болса, соның ішінде КҚ-ны осы Шартты бұза отырып немесе зақымдануы мүмкін болатын орында не мән-жайларда қалдырған жағдайда – КҚ жалға алу Сессиясы аяқталғаннан кейін де Клиент жауапты болып қалады. Бұл тәуекелдер сақтандыру шартының және/немесе сақтандыру полисінің талаптарымен қамтылмаған жағдайларда да қолданылады.

5.9. Егер Клиенттің әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан сақтандыру компаниясы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартса (оның ішінде ЖКО туралы құжаттарды уақтылы, толық немесе дұрыс ресімдемеу, Қолданылатын заңнамаға және Сақтандыру ережелеріне сәйкес міндетті әрекеттерді орындамау себептерімен), онда Клиент осы мән-жайға байланысты Жалға берушіге келтірілген залалды өтеуге міндетті.

5.10. Клиент:

5.10.1. Клиенттің кінәсінен болмаған, мемлекеттік билік органдарының тиісті актілерімен (күшіне енген уәкілетті органның қаулысы, сот шешімі) расталатын КҚ зақымдануы үшін;

5.10.2. Клиент Шарттың талаптарын Жалға берушіге КҚ қайтару бөлігінде тиісінше орындаған жағдайда, КҚ айдап әкету нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік көтермейді.

Клиент Жалға берушіге өз кінәлілігінің жоқтығына дәлелдерді жинауды және уақтылы беруді өздігінен қамтамасыз етеді.

5.11. Сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдарының және автоматты режимде жұмыс істейтін аспаптардың

(«Сертификатталған құралдар») көмегімен тіркелген құқық бұзушылықтар бойынша Қолданылатын заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік айыппұлдарды, сондай-ақ Жалға берушіге немесе КҚ меншік иелеріне тікелей қойылған айыппұлдарды төлеуді Жалға беруші және (немесе) КҚ меншік иесі өз қалауынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығарылатын тұлғалар ретінде жүзеге асырады.

Жалға берушіге немесе КҚ меншік иесіне қатысты шығарылған айыппұлды (немесе төленген айыппұл есебінен өтемақыны) кейіннен төлеу үшін Клиенттен сомаларды өндіріп алу үшін негіз Жалға берушінің әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны және тиісті Клиенттің КҚ Жалға алу сессиясы кезеңінде әкімшілік айыппұл салу туралы мәліметтерді алуы (әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы және айыппұл төлеу үшін белгіленген үлгідегі түбіртек немесе ақпараттық деректер базасында) болып табылады.

Клиент Жалға берушіге немесе КҚ меншік иесіне қойылған әкімшілік айыппұл сомасының нақты төленгеніне немесе төленбегеніне қарамастан, оған Жалға беруші қойған сомаларды төлеуге міндетті. Клиент осы сомаларды төлегеннен кейін, Клиент Жалға берушіге немесе КҚ меншік иесіне тағайындалған айыппұлдарға қатысты Жалға беруші тарапынан қандай да бір наразылықтан босатылады.

Егер әкімшілік айыппұл ӘҚБТК-нің 810-бабының 1-бөлігіне сәйкес («Азайтылған айыппұл») 7 тәулік ішінде ӘҚБТК бабының санкциясында көрсетілген айыппұл сомасының 50%-ы мөлшерінде оны төлеу мүмкіндігін көздеген жағдайда, Клиент Жалға берушіге Азайтылған айыппұлды төлеу үшін осындай соманы, оған қоса Жалға беруші Клиентке алдын ала хабарлайтын әкімшілік ету сомасын, (1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған және белгіленген үлгідегі түбіртек берілгеннен кейін, - әкімшілік хаттама жасалған кезде Клиент қатысқан жағдайда, немесе (2) белгіленген үлгідегі түбіртегі бар айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқама жеткізілген сәттен кейін, - әкімшілік құқық бұзушылық сертификатталған қаражат көмегімен тіркелген жағдайда, немесе (3) Жалға берушіден әкімшілік айыппұлды төлеу/өтеу қажеттігі туралы тиісті хабарлама алғаннан кейінгі, - Жалға беруші азайтылған айыппұлды өздігінен төлеген жағдайда, күнінен кейінгі (оқтғалардың қайсысы ерте болатынына байланысты) күннен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндетті. Осы абзацта көрсетілген мерзімде Азайтылған айыппұлды төлеу үшін сома төленбеген жағдайда, Клиент Азайтылған айыппұлды төлеу сомасынан басқа, Жалға берушіге ӘҚБТК-нің тиісті бабының санкциясында көрсетілген әкімшілік айыппұл мөлшерінің 50%-ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті, бұл нәтижесінде ӘҚБТК-нің тиісті бабының санкциясында көрсетілген әкімшілік айыппұлдың толық мөлшерін құрайтын болады.

Егер әкімшілік айыппұл оны ӘҚБтК-не сәйкес Азайтылған айыппұл ретінде төлеу мүмкіндігін көздемесе, немесе егер әкімшілік айыппұлды Азайтылған айыппұл ретінде төлеу мерзімі аяқталса, Клиент осы әкімшілік айыппұлды, ол ӘҚБтК-де көзделгендей, толық мөлшерде төлеу есебіне, сондай-ақ, егер ол осы тармақта белгіленген мерзімде төленбесе, айыппұл сомасының 50%-ы мөлшерінде соманы төлейді.

Тараптар әкімшілік айыппұлдарды өңдеуді және тиісті хабарламаларды жіберуді Жалға беруші кезектілік тәртібімен, яғни оларды салу туралы ақпаратты алудың хронологиясын ескере отырып жүзеге асыратынын (алдымен әкімшілік айыппұлдардың күндері бойынша неғұрлым ертерек хабарламалар жіберілетінін) келісіп алды. Жалға берушінің және (немесе) КҚ меншік иелерінің (Жалға берушінің келісімімен де, онсыз да) әкімшілік айыппұлдарды төлеу есебіне соманы төлеу туралы хабарламаны, оларды азайтылған айыппұл ретінде төлеу мерзімін асыра отырып, тікелей клиентке жолдауы Жалға берушіге қандай да бір талаптар қоюға негіз болып таба алмайды.

5.12. Тараптар Клиентті бұзушылыққа жол берген (соның ішінде зақымдау, айдап әкету, ұрлау, ЖҚЕ, заңнама мен Шарттың өзге де талаптарын бұзу), және Шарттың 5.6-тармағында көрсетілген соманы төлеуге міндетті тұлға ретінде анықтау үшін жеткілікті және шартсыз негіздер келесі шарттардың бірі болып табылатындығына келісті:

5.12.1. Орын алған оқиғаның мән-жайлары тіркелген осы Клиенттің Жалға алу сессиясы кезеңінде Шарттың және (немесе) Қолданылатын заңнаманың ережелерін бұзғанын куәландыратын мемлекеттік орган актісінің болуы (ЖКО туралы анықтама (егер қолданылатын болса), әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы және өзге де ұқсас құжаттар), және (немесе);

5.12.2. Бұзушылық анықталғанға дейін (соның ішінде КҚ зақымдануы, айдап әкету, ұрлау, ЖҚЕ, Қолданылатын заңнаманың және (немесе) осы Шарттың өзге де талаптарының бұзылуы), сол сияқты КҚ-ын арнайы тұраққа немесе алаңға ауыстырылғанға дейін КҚ пайдаланған соңғы тұлға Клиент болғаны туралы мәліметтер.

5.12.3. (1) КҚ зақымдануы (үшінші тұлғаларға зиян келтірмей), (2) жалға алу басталған сәтте КҚ-дағы құжаттар және/немесе жанармай карталары және/немесе жабдықтар зақымдануы (оның ішінде жоғалту, айырылу, зақымдану және т.б.) болған жағдайда Авариялық инспектордың жазбаша қорытындысы болған жағдайда.

Тараптар осы 5.12-тармақты қолдану мақсаттары үшін Клиенттердің жалға алуларын бақылауды жүзеге асыратын Жалға берушінің бағдарламалық

жасақтамасын пайдалана отырып алынған мәліметтердің жеткіліктілігіне келісті.

5.13. Жапсырмаларды өз бетінше салған не Жалға берушінің Тауар белгісін, сондай-ақ КҚ-ға өзге жапсырмалар жойылған немесе КҚ-ның сыртқы түріне өзге зақым келтірілген жағдайда, Клиент 60000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.14. Трекерді (GPS құрылғысы) КҚ-да өз еркімен ажыратқан немесе оған зақым келтірген жағдайда, Клиент Жалға берушіге 800 000 (сегіз жүз мың) теңге көлемінде айыппұл төлейді.

5.15. Құжаттарды ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған, Шарттың 2.35.9-2.35.16-тармақтарында көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда, Клиент Жалға берушіге 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлеуге, сондай-ақ Жалға берушіге КҚ-на толық көлемде келтірген залалды, сондай-ақ Жалға берушінің өзге де шығындарын өтеуге міндетті.

5.16. Егер Клиент рөлде алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де масаң күйде болған жағдайда (оның ішінде жалға алынған КҚ басқарса) не масаң күйін куәландырудан өтуден бас тартқан жағдайда, Клиент Жалға берушіге 1 000 000 (бір миллион) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.17. Шарттың 2.5-тармағын бұзған жағдайда, Клиент Жалға берушіге 50 000 теңге мөлшерінде айыппұл төлейді және Шарттың 5.20 және 5.21 тармақтарында көрсетілген жағдайларды немесе жекелеген Айыппұлдар көзделген жағдайларды қоспағанда, Жалға берушіге шығындарды өтейді.

Клиенттің алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе өзге де мас күйдегі немесе мас күйін куәландырудан өтуден бас тартқан тұлғаға КҚ-ын басқаруды беруі (жол беруі), сол сияқты Клиенттің КҚ-ын басқаруды КҚ-ны басқаруға құқығы жоқ тұлғаға, оның ішінде кәмелетке толмаған, әрекетке қабілетсіз, медициналық қарсы көрсетімдері бар тұлғаға беруі (жол беруі) - 1 000 000 (бір миллион) теңге айыппұл.

5.18. КҚ құжаттарын (тіркеу туралы куәлікті немесе КҚ басқа да құжаттарын (КҚ қобдишасындағы, сондай-ақ күннен қорғайтын күнқағардағы)), жанармай картасын/карталарды жоғалтқан немесе зақымдаған жағдайда, Клиент Жалға берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді, ал стандартты автомобиль жинағын (медициналық дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш, авариялық тоқтату белгісі/жыпылықтайтын қызыл шам), аксессуарлар мен қосымша жабдықтарды, оның ішінде КҚ кілемшелері, кілттер, Жалға беруші КҚ салонында орнатқан өзге де арнайы жабдықтар, КҚ тіркеу белгілерін жоғалтқан немесе зақымдаған жағдайда және Жалға берушіге жоғалған құжаттар мен заттарды 50 000 (елу мың) теңге мөлшеріндегі айыппұлды, және жоғалған құжаттар мен заттарды қалпына келтіруге (алуға), көрсетілген

аксессуарыларды, жабдықтар мен құрылғыларды қалпына келтіруге (сатып алуға) байланысты шығыстарды өтейді.

5.19. КҚ-ын ластаған, қоқыстарды тастап кеткен, сондай-ақ темекі шегу, алкогольді ішімдіктер мен электрондық шылымдарды (оның ішінде темекісіз), бу генераторларын (вейп және сол сияқтыларды), кальяндарды (оның ішінде темекісіз), азот шала тотығын (медициналық көрсеткіштер болған жағдайда пайдаланудан басқа) пайдаланған кезінде Клиент Жалға берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде санкция төлейді, сондай-ақ Жалға берушінің КҚ-ны химиялық тазалау мен жинауға арналған шығыстарының 100%-ын өтейді, сондай-ақ әкімшілік шығыстарды соманың 20% мөлшерінде төлейді.

5.20. КҚ-ын (КҚ пайдалану режиміне қарамастан) Рұқсат етілген аймақтан тыс, жабық, ақылы немесе мамандандырылған тұрақ немесе алаңның аумағында, кіру үшін рұқсат алу қажет аумақта қалдырған кезде, Қолданылатын заңнаманы (соның ішінде ЖҚЕ) бұза отырып КҚ қалдырған кезде, Клиент Жалға берушіге 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді, және Жалға беруші орынды белгілеген КҚ-ын Рұқсат етілген аймаққа ауыстыру бойынша Жалға берушінің шығындарының өтемақысын, сондай-ақ, Шарттың 5.28-тармағына сәйкес жоғалған пайда мен көлік құралының тұрып қалуын төлейді.

5.21. КҚ-ын әуежайлар аумағында КҚ орналастыру қағидаларының талаптарын (сондай-ақ тиісті тұрақтары (КҚ қалдыру орындары) белгілеген және ашық қолжетімділіктегі шарттарды, қағидаларды және талаптарды) бұза отырып қалдырған кезде, Клиент Жалға берушіге 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

КҚ-ын жасыл егістер егілген аумақта (КҚ пайдалану режиміне қарамастан) қалдырған кезде, сол сияқты абаттандыру ережелерін, сондай-ақ табиғатты қорғау Қолданылатын заңнама талаптарын, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау бөлігінде бұзу кезінде, Клиент, Жалға беруші төлеген немесе Жалға беруші тиісті әкімшілік айыппұлдарды төлеген басқа тұлғаларға (Шарттың 5.4, 5.5, 5.11-тармақтарына сәйкес) өтеуге міндетті әкімшілік айыппұлдарды төлеу салдарынан болған шығындар сомасынан басқа, Жалға берушіге әрбір анықталған эпизод үшін 700 000 (жеті жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

Клиенттің іс-әрекеті (әрекетсіздігі) салдарынан КҚ көшірілген (орнын ауыстырған) жағдайда Клиент Жалға берушіге КҚ тұрып қалуы және 20 000 (жиырма мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді, ал КҚ мамандандырылған тұраққа (Клиенттің кінәлі іс-әрекеттері салдарынан) орналастырылған жағдайда - 50 000 теңге мөлшерінде айыппұл төлейді, егер осы Шартпен өзгеше көзделмесе, шығару Жалға берушінің күшімен жүзеге асырылады.

КҚ-на әлеуетті ықтимал зақым келтіру, айдап әкету, КҚ ұрлау, КҚ-дан заттарды, КҚ-ға қатысты өзге де заңсыз іс-әрекеттер болуы жағдайында КҚ қалдырылған кезде, оның ішінде КҚ-ын іске қосылған қозғалтқышымен, ашық терезелерімен/есіктерімен/жүксалғышпен/капотпен қалдыру - айыппұл 70 000 (жетпіс мың) теңге.

5.22. Жалға беруші Клиент жүзеге асырған жанармай құю кезінде КҚ бағы толтырылған жанармай көлемі жанармай картасы/карталар бойынша немесе Шартқа сәйкес бонустарды есептеу үшін Клиент ұсынған чек бойынша жіберілген жанармай көлемінен кем болғанын анықтаса, Клиент бонустарды алмайды, сондай-ақ Жалға берушіге осы Шартта көзделген мөлшерде айыппұл төлеуге міндеттенеді:

5.23.1. 30000 (отыз мың) теңге – егер Anytime бағдарламалық жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармайдың көлемі жанармай картасы/карталар бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша жіберілгеннен 2 литрден 10 литрге дейін жанармай мөлшеріне кем болған жағдайда;

5.23.2. 70 000 (жетпіс мың) теңге – егер Anytime бағдарламалық жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармайдың көлемі жанармай картасы/карталар бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша жіберілгеннен 11 литрге және одан астам жанармай мөлшеріне кем болған жағдайда;

5.23.3. Жанармайдың төгілуі анықталған жағдайда Клиент 100 000 (жүз мың) теңге мөлшерінде айыппұл санкцияларын төлейді.

5.24. Клиент Шарттың 2.35.23 тармағын бұзған жағдайда Клиент Жалға берушіге 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.25. Клиент КҚ-на тиісті емес жанармай құйған кезде және егер бұл КҚ-ның істен шығуына әкеп соқтырса, Клиент шығындарды өтеуден басқа Жалға берушіге 50 000 (елу мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

5.26. Клиенттің Компания қызметкерлерінің, олардың туыстарының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, былапыт немесе қорлаған сөздер бар хабарламалар жібергені үшін, немесе көрсетілгенді ауызша түрде баяндағаны үшін Клиент Жалға берушіге әрбір осындай жағдай үшін 15 000 (он бес мың) теңге мөлшерінде айыппұл төлейді, сондай-ақ Жалға беруші өзінің және ерекше қалауы бойынша тиісті қылмыстық теріс қылық немесе қылмыс құрамының белгілері болған жағдайда ішкі істер органдарына осындай фактілер бойынша қылмыстық сот ісін қозғау туралы өтініш беру құқығын өзінде сақтайды.

5.26.1. Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттау үшін себептерді жоюды айналып өту үшін, оның ішінде бір жеке тұлғаның Клиенттің жаңа/қосымша Есептік жазбасын жасауы арқылы бұғатталған Клиенттің Жалға берушінің

қызметтерін пайдалануға әрекет жасау, Anytime шартын жасауға қайта әрекет жасау – 200 000 (екі жүз мың) теңге айыппұл.

5.27. Қалыпты тозуды анықтау бойынша Нұсқаулыққа қосымша КҚ қалыпсыз пайдаланудың салдары болып табылатын ақаулықтар:

5.27.1. Аспа, жүріс, тежегіш жүйесі, қозғалтқыш, трансмиссия, түтін шығару жүйесі, автошиналар, дөңгелек дискілері, дөңгелек қалпақтары элементтерінің, өзге де элементтер мен жүйелердің механикалық зақымдануы;

5.27.2. Шанақ, әйнектеу, жарық аспаптары элементтерінің механикалық зақымдануы;

5.27.3. Салонның, жүк салғышының және/немесе жүк бөлігінің механикалық зақымдануы;

5.27.4. Қозғалтқыш, трансмиссия, жүріс жүйесі, рульдік басқару, жанармай жүйесі, салқындату жүйесі, ауа баптау жүйесі, басқару органдары, аспаптары мен элементтері, қауіпсіздік жүйелері және КҚ өзге де жүйелері элементтерінің зақымдануы, егер бұл КҚ өндірушісі белгілеген пайдалану ережелерін бұзудан, немесе Клиент тарапынан дұрыс пайдаланбаудан туындаған болса;

5.27.5. Бұл КҚ өндірушісімен немесе Шартпен белгіленгендей, тыйым салынған пайдаланудан туындаған зақымданулар;

5.27.6. КҚ өндірушісі айқындаған, және Жалға беруші көрсеткен сервистік орталық немесе тәуелсіз сарапшы растаған пайдалану шарттарын бұзу салдарынан туындаған басқа да ақаулықтар.

5.28. Клиент Шарттың ережелерін Клиент бұзуынан КҚ пайдалану мүмкіндігінен туындаған Жалға берушінің шығынының мөлшері КҚ-ын тәуліктік жалға алу құнына сүйене отырып, Шарттың осындай бұзылынан (мысалы, КҚ-ын көшіру сәтінен бастап КҚ-ын арнайы тұрақтан немесе алаңнан шығаруға дейін), бірақ 1 тәуліктен кем емес уақытта КҚ пайдаланыла алмаған әрбір тәулік үшін есептелетінімен келіседі.

5.29. Клиент жіберген бұзушылықтар үшін залалдарды өтеуден және жекелеген құрамдар бойынша Санкциялар төлеуден басқа, Клиент тиісті құрам бойынша жауапкершіліктің арнайы шараларын қолдануға қарамастан, Шартты бұзу фактісі үшін Жалға берушіге айыппұл тұрақсыздық айыбын («әкімшілендіру») төлейді. Бұл тұрақсыздық айыбы жалдау және өзге де қызметтер үшін төлемдерді қоспағанда, барлық бұзушылықтар мен есептен шығарулар үшін ортақ болып табылады және өзге санкциялармен қоса Шартты бұзғаны үшін жауапкершілік шарасын («әкімшілендіру») жалпы тұрақсыздық айыбы және нақты құрамға сәйкес залалдар/ рнайы тұрақсыздық айыбы) құрайды.

Осы жалпы тұрақсыздық айыбы («әкімшілендіру»), егер Шартты бұзу Жалға берушінің істі жүргізуіне, Жалға берушінің әкімшілік айыппұл төлеуіне

байланысты залалдарды өтеуге, сотқа дейінгі реттеуге, кінәліні іздеу жөніндегі іс-шараларға, апаттық инспектордың орнына баруға, залалдарды, өтемақы төлемдерін және өзге де шығындарды өндіріп алуға, бөгде мамандарды тартуға әкеп соққан жағдайда, есептен шығару сомасының 20% мөлшерінде айқындалған. Қосымша жалпы тұрақсыздық айыбы, егер шешім жалға берушінің пайдасына шешілсе, сот/төрелік талқылау жағдайында талап қою сомасының 10% мөлшерінде төленеді.

5.30. Жалға беруші Клиенттің Мобильді құрылғысынан үшінші тұлғалардың Anytime мобильді қосымшасын пайдаланғаны үшін жауапты болмайды, осыған байланысты Anytime мобильді қосымшасы арқылы және мобильді құрылғысынан шығатын барлық әрекеттер мен нұсқаулар тікелей Клиенттен шығатын болып есептеледі.

5.31. Жалға беруші Сайт және (немесе) Anytime мобильді қосымшасы үздіксіз жұмыс істейтініне, қателерді және/немесе вирустарды қамтымайтынына кепілдік бермейді. Жалға беруші Клиенттің Сайтты және (немесе) Anytime мобильді қосымшасын пайдалану нәтижесінде келтірілген кез келген тікелей залал, қандай да бір жанама, кездейсоқ, айыппұл немесе одан кейінгі шығындар, жіберіп алған пайда, заттар, асыл заттар, құнды заттар, моральдық зиян үшін жауапты болмайды. Жалға беруші Клиент алдында Жалға беруші тарапынан тікелей бақылау саласынан тыс болғандықтан тікелей немесе жанама болып жатқан Anytime бағдарламалық жасақтамасының жұмысындағы кідірістер мен іркілістер үшін жауапты болмайды.

6. Шарттың қолданылу мерзімі, Шартты өзгерту және бұзу. Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттау

6.1. Шарт Тараптармен 1.ІІІ Кіші бөлімге (Шартты жасау) сәйкес оны жасаған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалады.

6.2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 401-бабының 1-тармағына сәйкес, Тараптар Жалға берушінің Шарт талаптарына, оның ішінде Тарифтерге, Айыппұлдарға, Шарттың кез келген өзге де қосымшаларына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге құқығы бар деп келісті. Бұл ретте, Жалға беруші Шартқа енгізген өзгерістер, сол сияқты Шарттың жаңа редакциясы, оның ішінде жаңа Тарифтер, Айыппұлдар қолданысқа енгізіледі және Жалға беруші Шарттың жаңа редакциясын не Шартқа енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды Сайтта немесе Anytime мобильдік қосымшасында орналастырған күннен бастап, немесе егер Жалға берушінің Шартқа осындай өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен («Жариялау») бірге

орналастырылған шешімімен өзге қолданысқа енгізу мерзімі белгіленбесе, Тараптар үшін міндетті болады. Жалға беруші Шарттың IV (Хабарламалар) бөлімінде көрсетілген тәсілдермен Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы Клиенттерді хабардар ету құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Егер заңда өзгеше императивті белгіленбесе (оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамадан туындайтын талаптарға сәйкес) Тараптардың кез келгені Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға (Шартты бұзуға), бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберу арқылы құқылы (1) Шартты тоқтату күнін көрсете отырып, немесе (2) Шарттың тоқтатылған күнін көрсетпестен - мұндай жағдайда Шарт өзінің қолданысын тоқтатады және осындай жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң бұзылған болып есептеледі. Клиент қолданылатын заңнама Клиентке Тараптардың келісімімен өзгертілмейтін және императивті болып табылатын өзге де құқықтарды беретін жағдайларды қоспағанда, Шарттан туындайтын барлық міндеттемелерін Шарттың тоқтатылған күнінен кешіктірмей орындауға міндетті.

6.4. Егер Клиент Шарттың 6.2-тармағында көрсетілгендей Шартқа енгізілген өзгерістермен және (немесе) толықтырулармен келіспесе, ол бір жақты соттан тыс тәртіппен Шарттың қолданылу кезеңінде туындаған немесе Шарттың орындалуына, орындалмауына, тиісінше орындалмауына байланысты төлеу (КҚ жалдау құны, айыппұлдар, әкімшілік айыппұлдар, өтемақылар және өзге де төлемдер, сондай-ақ залалды өтеу) бойынша міндеттемелерді орындаған жағдайда Шартты орындаудан бас тартуға құқылы. Клиенттің Шартты орындаудан біржақты бас тартуы Клиентті Шарт тоқтатылғанға дейін туындаған өзінің барлық міндеттемелерін орындаудан босатпайды. Егер Клиент Шартқа сәйкес Жалға берушіге Шарттың 6.5-тармағында көзделгендей Шартты орындаудан бас тарту туралы жазбаша хабарламаны жеткізбесе, Тараптар Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар Жарияланған сәттен бастап Клиентке қатысты қолданысқа енгізіледі деп есептейді. Клиент Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу үшін Сайттың және (немесе) Anytime мобильді қосымшасының мониторингін, оның ішінде оны жаңа редакцияда баяндау арқылы дербес жүзеге асырады. Осы талапты сақтамау тәуекелі толық көлемде Клиентке жүктеледі. Шарттың осы 6.4-тармағының ережелері науқандарды өткізу шеңберіндегі Тарифтердің өзгеруіне қолданылмайды: мұндай Тарифтер Сайттағы және (немесе) Anytime мобильдік қосымшасындағы тиісті бөлімде орналастырылған акция туралы тиісті хабарламада көрсетілген мерзім ішінде қолданылады.

Клиенттің КҚ жалға алуы кез келген жағдайда Клиенттің КҚ жалға алу сәтіндегі Шарттың талаптарымен толық танысуын және оларды толық көлемде сөзсіз қабылдауын куәландырады.

6.5. Тараптардың кез келгені бұл туралы екінші Тарапқа (1) Шарттың тоқтатылған күнін көрсете отырып, немесе (2) Шарттың тоқтатылған күнін көрсетпей, бір жақты соттан тыс тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға (Шартты бұзуға) құқылы, - мұндай жағдайда Шарт өзінің қолданылуын тоқтатады және мұндай жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткен соң бұзылды деп есептеледі. Клиент Қолданылатын заңнама Клиентке Тараптардың келісімімен өзгертілуі мүмкін емес және императивті болып табылатын өзге де құқықтарды беретін жағдайларды қоспағанда, Шарттың тоқтатылған күнінен кешіктірмей Шарттан туындайтын өзінің барлық міндеттемелерін орындауға міндетті.

6.6. Клиенттің бастамасы бойынша Шарттан бас тарту Клиенттің Шарттың № 7 қосымшасына сәйкес рәсімделген өз қолымен қол қойылған өтініші негізінде жүзеге асырылады. Өтініштің скан-нұсқасын Клиент Жалға берушіге электрондық пошта арқылы [\[email protected\]](#) мекенжайына жібереді.

6.7. Егер заңда өзгеше императивті белгіленбесе (оның ішінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамадан туындайтын талаптарға сәйкес), Жалға беруші Клиентті хабардар ете отырып және Шартты тоқтату күнін көрсете отырып, сервис ұсыну бойынша қызметтер көрсету бөлігінде Шартты орындаудан біржақты соттан тыс тәртіппен бас тартуға (Шарт бойынша Клиентпен қарым-қатынасты тоқтатуға) құқылы.

Жалға беруші Жалдау шартынан бас тартуға құқылы (нақты КҚ жалдау бойынша құқықтық қатынастарды тоқтатуға):

- КҚ ұрлау/айдап әкету жағдайында;

- егер Жалдау шарты (жалдау бойынша құқықтық қатынастар) Клиентке Шартта белгіленген мерзімде хабарланған жағдайда (заңда өзге мерзімдер императивті белгіленген жағдайларды қоспағанда) белгісіз мерзімге жасалған жағдайда;

- заңда көзделген өзге де жағдайларда.

Егер Клиент тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнама мағынасында тұтынушы болып табылмаса, Жалға беруші жалдау шартынан (КҚ жалдау бойынша құқықтық қатынастардан) бас тартуға құқылы:

- Клиент осы Шарттың талаптарын, оған қосымшаларды, олардан туындайтын Жалға берушінің талаптарын бұзды деп пайымдауға негіз болған кезде;

- Жалға беруші КҚ-ын одан әрі пайдалану тәуекелінің болуы туралы шешім қабылдаған жағдайда;

- КҚ-ын одан әрі пайдалану мүмкін болмаған немесе Жалға берушінің шығынына әкеп соғуы мүмкін жағдайда.

Жалға беруші бас тартқан жағдайда КҚ жалдау бойынша құқықтық қатынастардың тоқтатылғаны туралы хабарлама олардың тоқтатылуы болжанғанға дейін кемінде 3 (үш) минут бұрын Мобильді қосымша арқылы, жеке кабинет арқылы немесе олар туралы мәліметтер Клиенттің есептік жазбасында қамтылған өзге де байланыс құралдары арқылы жүзеге асырылады. Көрсетілген мерзімде Клиент Мобильді қосымшадағы «Жалға алуды аяқтау» батырмасын басу (немесе мағынасы жағынан ұқсас) және Шартта көзделген өзге де әрекеттерді жасау арқылы акті бойынша КҚ-ын Жалға берушіге қайтаруға міндетті

6.8. Кез келген ықтимал негіздер бойынша Шартты, КҚ жалдау бойынша құқықтық қатынастарды тоқтату Тараптарды Шарттың/жалдау бойынша құқықтық қатынастардың қолданылу кезеңінде не Шарттың (КҚ жалдау шартын) орындалуына, орындалмауына, тиісінше орындалмауына байланысты туындаған ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді (жалдау, Айыппұлдар, әкімшілік айыппұлдар, өтемақылар, комиссиялар және өзге де төлемдер, сондай-ақ Жалға берушіге келтірілген залал) орындаудан босату үшін негіз болып табылмайды.

6.9. Жалға беруші Шарттың 6.7-тармағында көрсетілген жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайлар болған кезде Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттауға құқылы:

6.9.1. Клиенттің іс-әрекетінде теріс пиғылды күмәндіктер пайда болған жағдайда (оның ішінде, бірақ онымен шектелмей, жалған мәліметтер берген кезде, ақша қаражатын есептен шығару мүмкін болмаған жағдайда және т.б.);

6.9.2. Клиенттің төленбеген берешегі болған жағдайда;

6.9.3. Клиенттің дөрекі мінез-құлығы жағдайында;

6.9.4. Клиент Жалға берушіні жаңылыстыруға әрекет жасаған жағдайда;

6.9.5. Жалға берушінің Шартта көзделген немесе туындайтын талаптарын орындаудан бас тартқан жағдайларда;

6.9.6. Клиент Шарт бойынша КҚ пайдалану мүмкіндігіне байланысты Жалға берушінің Клиентке қоятын талаптарына сәйкес келмеген (сәйкес болуын тоқтатқан) жағдайларда;

6.9.7. Өзге жағдайларда, Клиенттің Жалға берушінің пікірі бойынша Шартты бұзғаны, Клиенттің Anytime сервисін пайдалану мүмкіндігін болдырмайды.

6.10. Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттау нәтижесінде Клиент КҚ брондауды, КҚ жалға алуды жасай алмауы, Клиенттің Есептік жазбасының бұғатталмаған құқықтарының көлеміне кіретін Клиенттің Есептік жазбасының қызметін шектеуді білдіреді. Клиенттің Есептік жазбасының бұғатталуы

туралы Клиент жеке хабардар етілмейді, өйткені бұғаттау сәтінен бастап КҚ брондау, КҚ жалға алу бойынша әрекеттерді жасау, сондай-ақ кейбір өзге де іс-әрекеттерді жасау мүмкін болмайды. Шарт шеңберінде Клиенттің Есептік жазбасын оқшаулау Жалға алушының Клиентпен жасасқан өзге шарттар бойынша КҚ-мен іс-қимыл жасау мүмкіндігіне әсер етуі мүмкін.

6.11. Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттауды алу белгілі бір уақыт кезеңінің өтуіне, Клиенттің өз міндеттемелерін орындауына, бұғаттау үшін негіз болған жағдайларды жоюға байланысты болуы мүмкін. Бұдан басқа, Есептік жазбаны бұғаттау Шарт бойынша Клиентпен одан әрі өзара іс-қимылдың орындылығы туралы шешім қабылдау кезеңінде белгіленуі мүмкін.

6.12. Клиент Клиенттің Есептік жазбасын бұғаттау Клиенттің Жалға берушіге қандай да бір талаптарды, оның ішінде КҚ жалға беруге байланысты талаптарды ұсынуы үшін негіз болып табылмайтындығымен келіседі.

7. Дауларды шешу тәртібі

7.1. Егер заңмен императивті өзгеше белгіленбесе, дауларды шешудің келесі тәртібі қолданылады. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты, оның ішінде оны түсіндіру немесе орындау мәселелері бойынша Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен және/немесе басқа Тарапқа жазбаша талап жіберу жолымен шешеді, онда даудың мәні, осы Шарттың және (немесе) қолданылатын заңнаманың ережелеріне екінші тарап бұзған сілтемелер, сондай-ақ дауды шешу жөніндегі нақты ұсыныстар көрсетілуі мүмкін. Осы Шартта тікелей көзделген талаптар және/немесе міндеттемелер бойынша, егер осы Шартқа сәйкес осындай міндеттемені/талапты орындау мерзімі басталса және Тарап орындамаса, Тараптар атқарушы (нотариаттық) жазба құруға өтініш жасауға құқылы.

1.5. Есеп айырысу жүйесі: алдын-ала төлем. Егер пайдаланушы жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін КО-ны пайдалануды жалғастырған жағдайда, Компания жалдау мерзімін пакетте белгіленген ең төменгі жалдау мерзіміне (ол болған жағдайда) нақты ұзартқаны үшін алдын ала төлемді есептен шығаруды жүзеге асыруға құқылы. Егер есептен шығару мүмкін болмаса, жалдау мерзімі ұзартылмаған болып саналады, жалдау аяқталады және компанияның КО-ны қайтару шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

1.6. Пакеттің қолданылу мерзіміне байланысты жалға алу сессиясының аяқталуының жеңілдетілген уақыты белгіленуі мүмкін. Жалға алу сессиясы мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін жеңілдікті уақыт пакеті бойынша Клиент нақты жалға алу минуттарының санына қарай есептелген нақты жалға алу құнын шегергенде КҚ-ын жалға алудың төленген құнын қайтаруға құқылы. Бұл ретте жалға алу құнын қайтару және клиенттің КҚ-ын жалға алудың нақты уақытының құнын төлеуі бір

транзакциямен де (шегеріммен) де, екі транзакциямен де (бөлек қайтару және төлеу) жүргізілуі мүмкін. Қайтару автоматты түрде жүзеге асырылуы мүмкін.

1.6.1. Жалға сессиясы мерзімінен бұрын аяқталған жағдайда, пакетте көзделген жалға алу сессиясының аяқталу уақыты аяқталғаннан кейін, бірақ пакеттің қолданылу мерзімі мен алдын ала төленген жалға мерзімі аяқталғанға дейін Клиент клиенттің бонустық шотына болашақ сапарларға (бонустарға) жеңілдік түрінде КҚ-ын жалға құнының өтемақысын талап етуге құқылы (1 Бонус = 1 теңге есебінен), ал Клиенттің клиенттің ақша қаражатын қайтаруға өтініш жолдауы – теңгемен. Өтемақы (қайтару) нақты жалдау минуттарының санына қарай есептелген КҚ-ын жалдаудың нақты уақытының құнын шегергендегі КҚ-ын жалға алу құнына жатады. Бұл ретте КҚ-ын жалға алу құнын өтеу (қайтару) және клиенттің КҚ-ын жалға алудың нақты уақытының құнын төлеуі бір транзакциямен де (шегеріммен) де, екі транзакциямен де (қайтару және бөлек төлеу) жүргізілуі мүмкін.

1.7. Пакеттің басталуы: Пакет КҚ-ын жалға алу сессиясы басталған сәттен бастап жұмыс істей бастайды.

1.8. Пакеттің аяқталуы: Пакеттің жарамдылық мерзімі.

1.9. Пакетке енгізілген КҚ-ның максималды жүгірісінен асып кету Пакеттің шарттарына сәйкес тарифтеледі. Қосымша жүгірісті төлеу осы КҚ-ын жалға алу сессиясы аяқталғаннан кейін есептен шығарылады.

1.10. Егер Клиент Пакеттің қолданылу мерзімі аяқталған сәтте КҚ-ын пайдалануды жалғастырған жағдайда, асып кету уақытына Пакеттің шарттарында көзделген Пакеттің қолданылу мерзімінен асып кету тарифтемесі қолданылады.

1.11. Клиент жаңа Пакетті жарамды пакет аяқталғаннан кейін ғана сатып ала алады.

III. ҚОСЫМША ОПЦИЯЛАР

Қосымша опциялар ҚР АҚ 380-бабының 1-бөлігіне сәйкес Клиенттерге ұсынылуы мүмкін сервисті пайдаланудың арнайы шарттарын көздейді.

Қосымша опциялардың қолжетімділігін (оның ішінде оған қолжетімділікті тоқтатуды) Жалға беруші дербес айқындайды, оның ішінде мынадай факторлар негізінде: Клиенттің Жалға беруші алдында берешегінің болуы; сервисті пайдалану шеңберінде ЖКО фактілерінің немесе КҚ-ның өзге де зақымдануларының болуы; Anytime шартын және оған қосымшаларды бұзу фактілерінің болуы; көрсетілген мән-жайлардың туындау ықтималдығы, сондай-ақ басқа факторлар.

Опцияның бағасы оны қоспас бұрын Мобильді қосымшада көрсетіледі.

Опция бағасының анықтамасы опция қосылған тарифтің бағасына байланысты. Баға белгіленген құн, минут есебімен құн (теңге/мин.) түрінде немесе тарифке қолданылатын және арнайы формула бойынша есептелетін қосымша коэффициент түрінде ұсынылуы мүмкін. Қосымша опцияның шарттары бағаны есептеудің басқа әдістерін қарастыруы мүмкін.

Қол жетімді болған кезде қосымша опцияларды Мобильді қосымша арқылы қосуға болады. Қол жетімді және белсенді Қосымша опциялар Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1. «ҚОСЫМША САҚТАНДЫРУ»

1.1. «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы Клиенттер үшін арнайы шарттарды көздейді: Шартқа сәйкес өтеу негіздері болған жағдайда, КҚ зақымдаған әрбір оқиға үшін Компанияның пайдасына Клиенттен өндірілетін залалдар мен айыппұлдар мөлшері базалық жауапкершілік шегінен тыс осы опциямен белгіленген белгілі бір мөлшермен шектеледі.

1.2. «Қосымша сақтандыру» опциясының өндіріп алу шегінің мөлшері (пайыздық қатынаста), сондай-ақ басқа да шарттар Компаниямен белгіленіп, Мобильді қосымшада көрсетіледі.

1.3. «Қосымша сақтандыру» опциясы келесі талаптарға толықтай сәйкес келетін Клиентке ғана қолжетімді:

– Автокөлікті жалға алу кезіндегі Клиенттің ең төменгі жасы – 18 жас;

– Қызметті пайдалану барысында Клиенттің қатысуымен ЖЖО немесе басқа да КҚ зақымдануы жағдайлары болмауы тиіс.

Клиент жоғарыда аталған талаптардың кез келгеніне сәйкес келмеген жағдайда, «Қосымша сақтандыру» опциясы қосылмайды.

Опцияны қосу Клиентпен жалға алу Сессиясы басталғанға дейін жүзеге асырылады және осы опция қосылғаннан кейінгі жалға алу Сессиясына қолданылады.

1.4. Опцияны қосуға жол берілмейді:

– Ағымдағы жалға алу Сессиясы барысында осы КҚ-ға қатысты;

– Осы Клиенттің аталған КҚ бойынша алдыңғы жалға алу Сессиясы аяқталған сәттен бастап 5 сағат ішінде.

1.5. «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы Пайдаланушының ағымдағы жалға алу Сессиясында болған бір ғана ЖЖО жағдайында қолданылады.

1.6. Егер жалға алынған КҚ Клиенттің кінәсінен немесе Клиенттің тарапынан екіжақты кінә нәтижесінде залал келтірілсе (зақымдалса), «Қосымша сақтандыру» қосымша опциясы қолданылмайды.

IV. КҮЛГІН ЖӘНЕ ҚАРА АЙМАҚТАР

1. Жалпы ережелер

1.1. Жалға беруші жалға алу сессиясының аяқталуы жалға алу сессиясының құнының ұлғаюына әкеп соғатын аймақтарды (бұдан әрі – «Күлгін аймақтар», «қара аймақтар») айқындауы мүмкін.

1.2. Жалға беруші анықтайды:

- күлгін/қара аймақтарды аумақтық орналастыру;

- күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда жалға алу сессиясының құны өсетін күн;

- КҚ жекелеген түрлері үшін күлгін/қара аймақтарда жалға алу сессиясын аяқтауға шектеу;

- күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың басқа шарттары.

1.3. Тиісті мәліметтер Мобильді қосымшада орналастырылып, Клиентке жалға алу сессиясы басталғанға дейін танысу үшін қол жетімді.

2. Күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың жалпы шарттары

2.1. Жалға алу сессиясының құнын арттыру күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда жүзеге асырылады.

2.2. Сервисте күлгін/қара аймақтарды қолдану басталған сәттен бастап алғаш рет күлгін/қара аймақ шегінде жалға алу сессиясы аяқталған кезде КҚ жалға алу құнын арттыру жүзеге асырылмайды.

2.3. Күлгін аймақта жалға алу сессиясы аяқталған жағдайда клиентке күлгін/қара аймақта басталған және күлгін/қара аймақтан тыс аяқталған КҚ-ын жалға алудың келесі сессиясын жасаған кезде жеңілдік алу құқығы беріледі. Қара аймақта жалға алу сессиясы аяқталған жағдайда, Клиентке көрсетілген жеңілдік құқығы берілмейді.

2.4. Жеңілдік күлгін аймақта жалға алу сессиясының аяқталған құны өскен мөлшерде беріледі.

2.5. Жеңілдік жалға алу сессиясының құнын жеңілдік мөлшеріне (теңгемен) төмендетуге мүмкіндік береді, бірақ 97%-дан аспайды немесе жалға алу сессиясы үшін 5 теңге құнынан аспайды. Толық пайдаланылмаған жеңілдік басқа жалға алу сессияларына ауыстырылмайды және «күйіп кетеді».

2.6. Клиент келесі жағдайларда жеңілдікті қолдану құқығынан айырылады (жеңілдік «күйіп кетеді») :

- клиенттің пакетті сатып алуы;
- күлгін аймақтан тыс жалға алу сессиясының басталуы;
- күлгін/қара аймақта жалға алу сессиясын аяқтау;
- жеңілдік алу құқығын алу үшін негіздер басталған сәттен бастап 24 сағаттың өтуі (2.3-тармақ).

2.7. Осы тәртіпке сәйкес ұсынылатын жеңілдік Сервис шеңберінде ұсынылатын өзге жеңілдіктерге қатысты аз басымдыққа ие болады және басқа жеңілдіктер қолданылғаннан кейін қолданылады.

2.8. «Anytime» сервисі шеңберінде қолданылатын жеңілдіктер мен бонустар осы бөлімге сәйкес қолданылатын жалға алу сессиясы құнының ұлғаю мөлшерін азайтпайды.

3. Күлгін/қара аймақтар болған жағдайда КҚ жылжытудың арнайы шарттары

3.1. Арнайы шарттар жалпы шарттарды толықтырып, қолданылатын ережелерге басымдық беруде артықшылыққа ие. Арнайы шарттармен реттелмеген мәселелер жалпы шарттармен реттеледі.

3.2. X жалға алу сессиясының құнын ұлғайту көзделген Жалға алу сессиясы күлгін/қара аймақта басталған жағдайда, Y жалға алу сессиясының

құнын ұлғайту көзделген Жалға алу сессиясы күлгін/қара аймақта аяқталған жағдайда:

3.2.1. егер $X = Y$ болса, онда жалға алу сессиясының құнын арттыру қолданылмайды, «жеңілдік күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.4-тармақ) берілмейді;

3.2.2. егер $X > Y$ болса, онда жалға алу сессиясының құнын арттыру қолданылмайды, жеңілдік «күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.4-тармақ) берілмейді;

3.2.3. егер $X < Y$ болса, онда жалға алу сессиясының құнының өсуі X пен Y арасындағы айырмашылыққа тең, жеңілдік «күйіп кетеді» (2.6-тармақ), жеңілдік құқығы (2.3-тармақ) сақталады.

Электрондық қол қою нысаны:

Қосылды (ҚР АҚ 389-бабы). Құжатқа Клиент Anytime Шартына сәйкес электрондық қолтаңбамен қол қойды (<https://anytime.kz>)

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

САНКЦИЯЛАР ЖҮЙЕСІ*

Бұзушылық		Айыппұл мөлшері
1	Жапсырмаларды өз бетінше жапсыру немесе Жалға берушінің Тауар белгісін алып тастау немесе көлік құралының сыртқы түріне басқа да зақым келтіру	60 000 теңге
2	Көлік құралында трекерді өз бетінше өшіру немесе зақымдау	800 000 теңге
3	Құжаттарды ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау, Шарттың 2.35.9-2.35.16 тармақтарында көрсетілген талаптарды орындамау	50 000 теңге
4	Клиенттің көлік құралын (соның ішінде жалға алынған көлік құралын) алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе басқа да масаю күйінде жүргізуі, сондай-ақ масаю күйін анықтау мақсатында куәландырудан өтуден бас тартуы.	1 000 000 теңге
5	Көлік құралын Шарттың 2.5-тармағын бұза отырып пайдалануы	50 000 теңге
6	Көлік құралын жүргізуді алкогольдік, есірткілік, уытқұмарлық немесе басқа да масаю күйіндегі немесе масаю күйін анықтау мақсатында куәландырудан өтуден бас тартқан адамға беруі (жол беруі), сондай-ақ көлік құралын жүргізуді көлік құралын жүргізу құқығы жоқ адамға (сондай-ақ көлік құралын жүргізу құқығынан айырылған Клиенттің өзіне), соның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған, әрекетке қабілетсіз, медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамға беруі (жол беруі).	1 000 000 теңге
6.1	Аккаунтты және/немесе мәліметтерді беру, сондай-ақ көлік құралын үшінші жүргізуші куәлігі бар тұлғалардың пайдалануына және/немесе жүргізуіне жол беретін басқа да жағдайларды жасау.	200 000 теңге
7	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) Рұқсат етілген аймақ шегінен тыс жерде, сондай-ақ жалпы кіру мүмкіндігі жоқ аумақта, жабық, ақылы немесе арнайы тұрақ не алаң аумағында, кіру үшін рұқсат алу қажет болатын аумақта қалдыруы, Қолданылатын заңнаманы (соның ішінде жол қозғалысы ережелерін) бұза отырып қалдыруы (Шарттың 5.20-тармағы)	20 000 теңге және Жалға берушінің КҚ осы аймақтан қайтаруға жұмсаған шығындарының ақылға қонымды көлемде белгіленген өтемі
8	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) көгалда немесе жасыл көшеттер отырғызылған басқа да аумақта, сонымен қатар, абаттандыру ережелерін, сондай-ақ табиғатты қорғау жөніндегі Қолданылатын заңнама талаптарын, соның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау жөніндегі талаптарды бұза отырып қалдыруы**.	Әрбір анықталған эпизод үшін 700 000 теңге
9	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне қарамастан) Әуежайлар аумағында көлік құралын	50 000 теңге

	орналастыру ережелерінің талаптарын (сондай-ақ тиісті тұрақтарда (көлік құралын қалдыру орындарында) белгіленген шарттарды, ережелер мен талаптарды) бұза отырып қалдыруы.	
10	Клиенттің әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан көлік құралы эвакуацияланған жағдайда; Клиенттің кінәлі әрекеттері нәтижесінде жоғалған немесе алынған жағдайда	50 000 теңге және Жалға берушінің КҚ ол тұрған жерден (соның ішінде арнайы тұрақтан немесе алаңнан) қайтаруға, МТНБ қалпына келтіру, қайта ресімдеу және т. б. жұмсаған шығындарының ақылға қонымды көлемде белгіленген өтемі
10.1	Рұқсат етілген Жалға алу аймағынан тыс шығу	50 000 теңге
11	КҚ оған зақым келтірілуі, басқа біреудің айдап әкетуі, КҚ, оның ішіндегі заттар ұрлануы, КҚ қатысты басқа да заңсыз әрекеттер жасалуы мүмкін жағдайда қалдыруы, соның ішінде КҚ қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған, терезелері/есіктері/жүксалғышы/капоты ашылған/зақымдалған күйде қалдыруы.	70 000 теңге
12	КҚ құжаттардың (КҚ тіркеу туралы куәлік және сақтандыру полисі, КҚ (көлік құралының қобдишасындағы, күнқағарындағы) басқа да құжаттар, жанармай картасы/карталары) жоғалуы немесе бүлінуі. Стандартты автокөлік жинағының (медициналық дәрі қобдишасы, өрт сөндіргіш, апаттық тоқтау белгісі/жыпылықтайтын қызыл шам), аксессуарлар мен қосымша жабдықтың, соның ішінде кілемшелердің, КҚ кілттерінің, арнайы жабдықтың (Шарттың 2.8.7-тармағы), КҚ тіркеу белгілерінің жоғалуы.	20 000 теңге 20 000 теңге және жоғалған құжаттар мен заттарды қалпына келтірумен (алумен), көрсетілген аксессуарларды, жабдықтар мен құрылғыларды қалпына келтірумен (сатып алумен) байланысты шығындарды өтеу
13	КҚ ластануы	15 000 теңге + Жалға берушінің КҚ химиялық тазалауға және жинауға жұмсалған шығындарын 100% өтеу + 20% әкімшілік шығындар
13.1	КҚ қоқыс қалдыру, темекі шегу, электронды сигареттерді (соның ішінде темекісіз), бу генераторларын (вейптерді және сол сияқтыларды), қорқорды (соның ішінде темекісіз), азоттың шала тотығын (медициналық көрсетімдер болған кезде тұтынудан басқасында) пайдалану	15 000 теңге + Жалға берушінің КҚ химиялық тазалауға және жинауға жұмсалған шығындарын 100% өтеу + 20% әкімшілік шығындар
14	Жалға берушінің Клиент жанармай құю кезінде КҚ бағын толтырған жанармай мөлшерінің жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент бонустарды есептеу үшін ұсынған чек бойынша берілген жанармай мөлшерінен аз екенін анықтауы.	Клиент бонустарды алмайды, сондай-ақ Жалға берушіге мына мөлшерде айыппұл төлеуге міндеттенеді: а) 30 000 теңге – Anytime бағдарламалық

		<p>жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармай мөлшері жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша берілген жанармай мөлшерінен 2 литрден 10 литрге дейін аз болған жағдайда;</p> <p>б) 70 000 теңге – Anytime бағдарламалық жасақтамасының деректері бойынша құйылған жанармай мөлшері жанармай картасы/карталары бойынша немесе Клиент ұсынған чек бойынша берілген жанармай мөлшерінен 11 литрге және одан көп мөлшерге аз болған жағдайда.</p>
15	Клиенттің Шарттың 2.35.23-тармағын бұзуы	15 000 теңге
16	Клиенттің КҚ-на АИ-92 маркасынан төмен жанармай құюы, бұл КҚ істен шығуына алып келмеген жағдайда	50 000 теңге
17	Клиенттің КҚ дизель отынын құюы, бұл КҚ істен шығуына алып келген жағдайда	Залалды өтеуге қосымша, 100 000 теңге көлеміндегі айыппұл
18	Клиенттің Жалға беруші қызметкерлерінің, оның туыстарының өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін, былапыт немесе қорлау сөздері жазылған хабарламаларды жіберуі немесе көрсетілген әрекетті ауызша түрде жасауы.	Әрбір оқиға үшін 15 000 теңге
19	Бұғатталған Клиенттің Есептік жазбаны бұғаттау себептерін жоюды айналып өтіп, Жалға берушінің қызметтерін пайдалануға, соның ішінде жаңа/қосымша Есептік жазба жасау арқылы әрекет жасауы, Anytime шартын жасасуға қайта әрекеттенуі	200 000 теңге
20	Шартта қарастырылған төлемдердің мерзімін кешіктіргені үшін өсімпұлдар	Мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін берешек сомасының 1 %-ы
21	Әкімшілік айыппұл сомасын 2 күн ішінде төлемегені үшін біржолғы айыппұл	Әкімшілік айыппұлдың толық мөлшерінің 50 %-ы
22	<p>Қолданылатын заңнамада көзделген жылдамдық режимін бұзу (көлік құралында орнатылған GPS қадағалау құралдары арқылы тіркелген):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жылдамдықты сағатына 120 км-ге дейін арттыру - Жылдамдықты сағатына 120-140 км-ге арттыру - Жылдамдықты сағатына 140 км-ден жоғары шамаға арттыру <p>1 жыл ішінде қайталанған бұзушылық,</p>	<p>25 000 теңге</p> <p>70 000 теңге</p> <p>150 000 теңге</p>

	қарастырылған айыппұлдың 100%-ы қосымша төленеді.	
23	Автокөлікті (әрі қарай пайдаланбастан) қалдыру, сондай-ақ көлік құралын жалға алуды бос отын бағымен аяқтау.	20 000 теңге
24	Көлік құралын (көлік құралын пайдалану режиміне карамастан) оған зақым келтірілуі/жол қозғалысының басқа қатысушылары үшін жолда апаттық жағдай тудыруы мүмкін болатын жағдайда бос бакпен қалдыру.	50 000 теңге

*- Айыппұл төлеу Клиентті шығындарды және/немесе залалды өтеу міндетінен босатпайды. Айыппұл (санкция) әкімшілік айыппұл болып табылмайды және осы Шарттың ережелерін бұзғаны үшін тараптармен келісілген талап (санкция) ретінде қарастырылады.

** - Клиент Жалға берушінің талап етуі бойынша бұзушылықты жою үшін мүмкін болатын барлық әрекеттерді уақтылы қабылдаған (соның ішінде көлік құралын рұқсат етілген тұрақ орнына уақтылы ауыстырған), әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы/әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны (оны жасау қажет болған жағдайда) ресімдеуге өзінің қатысуын қамтамасыз еткен, Жалға берушінің көлік құралын пайдалану кезеңінде бұзушылыққа жол беру фактісін растаған, мемлекеттік орган қабылдаған қаулыға/хаттамаға шағым жасаудың барлық рәсімдеріне қатысқан, мемлекеттік органның тиісті қаулысына/хаттамасына шағым жасаумен байланысты Жалға берушінің өзге де талаптарын орындаған жағдайда көрсетілген Айыппұл қолданылмайды.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 4 қосымша

Anytime шартына № _____ ҚОСЫЛУ ТУРАЛЫ РАСТАМА

_____ (бұдан әрі –
Клиент) _____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат (ұсынылған)
_____ сериясы нөмірі _____, « _____ » _____
_____ ж. _____ (кім берді) берілген, к/п _____.

Клиенттің тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы:
_____,

Жүргізуші куәлігі (ұсынылған) « _____ » _____ ж.

Тек Клиенттің ғана қолжетімділігі бар Клиенттің
телефоны: _____ ,

Клиент құпия сақтауға міндеттенетін, Клиентке белгілі құпиясөз арқылы қол
жеткізу жүзеге асырылатын Клиенттің E-mail:
_____ ,

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабына сәйкес, «Ди-Мобилити Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 180640011180) (бұдан әрі - «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС) <https://anytime.kz> мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналасқан «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-мен Anytime шартына (бұдан әрі - Шарт) қосылу туралы хабарлайды. Растау Клиент Anytime сервисінде белсендірілген кезде күшіне енеді.

Осымен Клиент Шарт жасалғанға дейін оның Шарттың ережелерімен және оның барлық ажырамас бөліктерімен (Шарт қосымшаларымен) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің <https://anytime.kz> мекен-жайы бойынша Интернет желісіндегі сайты арқылы танысқанын растайды.

Осымен Клиент Интернет желісінде <https://anytime.kz> мекенжайы бойынша жарияланған «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің Шарт талаптарымен (оның қосымшаларымен), оның ішінде Тарифтермен және Айыппұлдармен (Шарттың ажырамас қосымшасы болып табылатын) өз келісімін растайды және олардың талаптарын орындауға міндеттенеді.

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨНДЕУГЕ КЕЛІСІМ

Клиент:

(а) Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына (бұдан әрі «Заң») және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне (бұдан әрі бірлесіп «Қолданылатын заңнама») сәйкес «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің (БСН 180640011180) ол берген (сондай-ақ кез келген үшінші тұлғалардан алынған) өз дербес деректерін жинауға, өңдеуге (ол төмендегі (с) тармағында белгіленгендей) және қорғауға өз келісімін береді: (1) тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген жағдайда), және (2) туған күні, айы мен жылы, және (3) туған жері, және (4) жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), тек Қазақстан азаматтары және (немесе) азаматтығы жоқ тұлғалар үшін, және (5) жеке басын куәландыратын (немесе оны алмастыратын) құжатты берген орган, ол берілген күні және оның қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, және (6) тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы туралы мәліметтер, және (7) жүргізуші куәлігінің деректері (берген орган, берілген күні мен қолданылу мерзімі, сериясы мен нөмірі, басқару үшін рұқсат етілген санаттар), және (8) байланыс деректері, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ұялы телефон нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, және (9) көлік құралын пайдалануға медициналық қарсы көрсетімдердің болуы (болмауы) туралы деректер, және (10) фотосурет, және (11) жұмыс орны және атқаратын лауазымы туралы деректер, және (12) Клиенттің геолокация деректері (навигациялық деректері), және (13) Пайдаланушы келісімін жасауға және орындауға байланысты немесе құрылуы мүмкін кез келген өзге де дербес деректер (Интернет желісінде <https://anytime.kz> мекенжайы бойынша орналасқан қосылу шарты (бұдан әрі - Шарт) және (немесе) мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану мүмкіндігін (бұдан әрі - Дербес деректер) қамтамасыз ететін, «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС минут сайын/тәулік сайын жалға беру (каршеринг) қызметтерін көрсету үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы келісімдер (бұдан әрі - лицензиялық/пайдаланушылық келісімдер), және мұндай келісім бере отырып, өз еркі бойынша және өз мүддесінде әрекет ететінін растайды.

(b) Клиент келісімді мына мақсаттар үшін береді: (1) Шартты, сондай-ақ лицензиялық (пайдаланушылық) келісімдерді жасасу (оларға қосылу) және орындау, (2) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің қосымша қызметтер көрсетуі, (3) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС өткізетін науқандарға, сауалнамаларға, зерттеулерге (электрондық, телефон және ұялы байланыс арқылы сауалнамалар, зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қатысуы, (4) Клиентке немесе басқа тұлғаларға қатысты заңды салдарды туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау, (5) Клиентке «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС және оның серіктестері көрсететін

қызметтер туралы, оның ішінде Клиенттің Шартты орындау үшін өзге тұлғалармен бұдан әрі шарттарды/келісімдерді жасасуы мақсатында ақпарат беру, (6) Шарттың талаптары бұзылған кезде, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып, берешекті өндіріп алуды ұйымдастыру, (7) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаны анықтау, және (8) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың сұрау салулары бойынша және Қолданылатын заңнамада көзделген олардың құзыреті шегінде тиісті мәліметтерді ұсыну, және осы Келісімнің (a) тармағында көрсетілген ақпаратқа қолданылады. (c) Клиенттің дербес деректерін өңдеуді «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС жоғарыда (b) тармағында аталған мақсаттардың әрқайсысына жету үшін қажетті көлемде аралас өңдеу (автоматтандырылған, сондай-ақ автоматтандыру құралдарын пайдаланбай) жолымен келесі ықтимал тәсілдермен жүзеге асыра алады: жазу (оның ішінде электрондық тасығыштарға), жүйелеу, жинақтау, сақтау, тізбелерді жасау, таңбалау, нақтылау (жаңарту, өзгерту, толықтыру), шығарып алу, пайдалану, беру (тарату, ұсыну, қол жеткізу), иесіздендіру, бұғаттау, жою, суретке түсіру жолымен бейнені алу, сондай-ақ Қолданылатын заңнамада тікелей тыйым салынбаған Клиенттің Дербес деректерімен кез келген өзге де әрекеттерді жүзеге асыру. (d) Клиент өзінің Дербес деректерін өңдеуге берілген келісімні «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің Клиентті Дербес деректерін алған сәттен бастап сақтау мерзімі жетпіс бес жыл екенін және осы мерзім ішінде әрекет ететінін растайды. (e) Клиент келісімді кері қайтарып алу сәтіне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-не тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы өз келісімін кері қайтарып алуға құқылы, бұл ретте Заңға сәйкес келісім, егер бұл кері қайтарып алу заңға қайшы келетін болса, не Клиент «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС алдында орындамаған міндеттемелері болған кезде кері қайтарып алынбайды (f) Клиент «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-нің, Клиент тарапынан қосымша келісім алмай, оған қажетті көлемде және жоғарыда (b) тармағында көрсетілген мақсаттарға жету үшін, Дербес деректерді үшінші тұлғаларға, олардың агенттеріне және (немесе) олар уәкілеттік берген өзге тұлғаларға ашуға (толық немесе ішінара), сондай-ақ мұндай тұлғаларға Қолданылатын заңнама талабын сақтай отырып, құрамында Дербес деректері бар тиісті құжаттарды ұсынуға құқылы екендігін мойындайды және растайды: (1) Шартта және (немесе) лицензиялық келісімдерде көзделген жұмыстарды орындауға (қызметтер көрсетуге) үшінші тұлғаларды тарту кезінде; (2) «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-не оның функциялары мен өкілеттіктерін өзге тұлғаға берген кезде, оның ішінде басқаға беру мүмкіндігін қарау және Шарт бойынша құқықтарды басқаға беру туралы шешім қабылдау үшін, не өндіріп алу бойынша қызметтер көрсету кезінде және т.б., (3) үшінші тұлғаларды құрамында Дербес деректері бар база операторлары ретінде тартқан кезде (оның ішінде оларды жинау, өңдеу немесе сақтау үшін), (4) Қолданылатын заңнамаға қайшы келмейтін тәртіппен Дербес деректерді трансшекаралық беру, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беру арқылы, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

«Каршеринг Россия» ЖШҚ (Ресей Федерациясы), НМТН 1157746288083, «ЭНИТАЙМ» ЖШҚ (Ресей Федерациясы), НМТН 1127746673988, «Каршеринг Клуб» ЖШҚ (Беларусь Республикасы), СТЕН: 193059414, Ди-Мобилити Ворлдвайд а.с. тіркеу нөмірі 06933629,), сондай-ақ кез келген үшінші тұлғаларға және кез келген осындай үшінші тұлғалардың (бұдан әрі бірлесіп «Серіктестер») мына мақсаттарда дербес деректерді өңдеуге және беруге құқығы бар: (1) қосылу шартын немесе Серіктеспен өзге де үлгілік шартты және (немесе) Серіктес минут сайын/тәулік сайын жалға алу (каршеринг) қызметтерін көрсету үшін пайдаланатын бағдарламалық жасақтаманы пайдалану туралы келісімдерді, сондай-ақ лицензиялық (пайдаланушылық) келісімдерді жасасу (қосылу) және орындау үшін; (2) Серіктестің қосымша қызметтер көрсетуі, (3) Серіктес өткізетін науқандарға, сауалнамаларға, зерттеулерге (электрондық, телефон және ұялы байланыс арқылы сауалнамалар, зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей) қатысу; (4) Клиентке немесе басқа тұлғаларға қатысты заңды салдар туғызатын шешімдер қабылдау немесе өзге де әрекеттер жасау, (5) Клиентке Серіктес көрсететін қызметтер туралы ақпарат беру, оның ішінде Серіктеспен шарттарды/келісімдерді орындау үшін Клиенттің одан әрі өзге тұлғалармен шарттар/келісімдер жасасу, (6) шарттардың талаптары бұзылған кезде, оның ішінде үшінші тұлғаларды тарта отырып, берешекті өндіріп алуды ұйымдастыру, (7) Серіктес орналасқан елдің заңнамасын бұзуға жол берген тұлғаны анықтау, және (8) Серіктес орналасқан елдің уәкілетті мемлекеттік органдарына олардың сұрау салулары бойынша және Серіктес орналасқан елдің заңнамасында көзделген олардың құзыреті шегінде тиісті мәліметтерді ұсыну, және осы Келісімнің (а) тармағында көрсетілген ақпаратқа қолданылады. (g) Клиент Дербес деректерді өңдеуге осы келісімнің оның кез келген үшінші тұлғаларға, тиісті өзгерістерді ескере отырып берілген деп есептелетінін мойындайды және растайды, және кез келген осындай үшінші тұлғалар осы келісім негізінде, оның ішінде Дербес деректерді трансшекаралық беруді жүзеге асыру кезінде дербес деректерді өңдеуге құқылы. (h) Клиент «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС Клиентпен жасалған Шарттар, лицензиялық келісімдер бойынша үшінші тұлғаларға құқықтарды беру мәселелерін қараған жағдайда, не Клиенттің берешегін өндіріп алуға бағытталған іс-әрекеттерді жасау үшін үшінші тұлғаларды тартқан жағдайда, оның Дербес деректерін және оның Шарты және (немесе) лицензиялық / пайдаланушылық келісімдері туралы деректерін осындай үшінші тұлғаларға беруге келісім Клиент «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-не берген болып есептелетінін мойындайды және растайды. Осы Шарт бойынша құқықтарды басқаға берген жағдайда «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС Клиентке бұл туралы хабарлама жібермеуге құқылы. Осымен Клиент осы тармаққа сәйкес «Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС-мен жасалған шегіну туралы қандай да бір хабарлама алмауға келіседі. Клиент үшінші тұлғамен (оның ішінде Клиенттің отбасы мүшелерімен, туыстарымен, Клиентпен бірге тұратын басқа тұлғалармен, көршілермен және басқа да кез келген жеке тұлғалармен) оның

мерзімі өткен берешегін қайтаруға бағытталған өзара іс-қимыл жасауға өз келісімін береді. (і) «Ди-Мобилити Казахстан» ЖШС және (немесе) Шартты орындау үшін талап етілетін қызметтерді көрсету немесе жұмыстарды орындау үшін ол тартқан үшінші тұлғалар, оның ішінде Дербес деректері бар база операторлары ретінде үшінші тұлғаларды тартқан кезде, Клиентке оның Дербес деректерін кімге де беретіні туралы хабарлауға міндетті емес, бұл туралы Клиент осы Шартқа қосылу фактісімен өзінің сөзсіз келісімін береді. Клиент әрекет қабілеттілігі шектелмегенін (а), есірткілік, уытқұмарлық, алкогольдік масаң күйде болмағанын, денсаулық жағдайы бойынша өз құқықтарын жүзеге асыра және қорғай алатындығын және міндеттерін орындай алатындығын, қол қойып отырған келісімнің мәнін түсінуге кедергі келтіре алатын аурулармен ауырмағанын растайды. Сонымен қатар жаңылысу, алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту, зұлымдық келісім немесе ауыр жағдайлардың тоғысуы ықпалында болмайтынын растайды. Келісім Клиенттің нақты ерік білдіруіне сәйкес келеді, Заңның мәні мен мағынасы, құқықтық салдары, сондай-ақ мазмұны түсінікті.

Клиент

:

_____ /

/ /

(қолы)

(тегі, аты-жөні)

Осы Anytime шартына қосылу туралы растама «_____» _____ жылы қабылданған. Қосылу туралы растаманы тексеріп, Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың және жүргізуші куәлігі көшірмелерін алдым:

(лауазымы)

(тегі, аты-жөні)

(қолы)

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

КҚ ҚАЛЫПТЫ ТОЗУЫН АНЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Осы КҚ қалыпты тозуын анықтау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) КҚ жай-күйінің минималды стандарттары белгіленген, олар «автомобильдің қалыпты тозуы» ретінде айқындалады.

Жалға беруші қалыпты тозудың және зақымдану себептерінің бағалауын Шарттың 2.8.8-тармағына сәйкес жүзеге асырады, және оның ішінде КҚ пайдалану мерзіміне, сипатына, КҚ нақты жүрген қашықтығына байланысты болады. Бұл мән-жайлар КҚ жай-күйін анықтау кезінде ескеріледі. Сонымен қатар, КҚ-ның бірқатар зақымданулары КҚ-ын әдеттегі пайдалану кезінде мүмкін болатын тозу шеңберінен шығады. Кез келген жағдайда ЖКО нәтижесінде зақым алу қалыпты тозу болып таба алмайды.

Зақымдану сипаты

Қолайлы	Қолайсыз
Шанақ және ЛБЖ	
<p>Егер механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда 10 см-ге дейінгі кетіктер және сызаттар</p> <p>Егер механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда 2 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және қажак тозу іздері;</p> <p>2 см дейінгі ішіне майысқан жерлер, бөлшекте екі майысқан жерден артық болмау шартпен;</p> <p>Тастардан жасалған кішкене кетік учаскелері, бөлшектің бетінің 25%-дан артық зақымдамағаны және кетіктер астында коррозия жоқ болған шартпен;</p> <p>Коррозияны болдырмау үшін дұрыс өңделген кетіктер</p>	<p>10 см асатын кетіктер мен сызаттар;</p> <p>2 см асатын үйкеленген жерлер және қажак тозу іздері;</p> <p>Механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін емес кетіктер, сызаттар, үйкеленген жерлер және қажак тозу іздері; 2 см асатын ішіне майысқан жерлер;</p> <p>Бөлшекте екі майысқан жерден артық;</p> <p>Коррозия іздері бар ішіне майысқан жерлер, үйкеленген жерлер, сызаттар; бөлшек бетінің 25 %-дан астамын алатын кетіктер (тастардан);</p> <p>Түсінде айырмашылығы көрінетін сапасыз бояу; Шанақты сапасыз жөндеу;</p> <p>Кез келген түрдегі зақымдану нәтижесіндегі коррозия; Сыртқы әсер ету нәтижесінде түстің өзгеруі (химиялық заттар, өсімдіктер, жануарлардың және құстардың нәжісі және т. б.)</p>
Радиатор торы және бампер	

<p>10 см-ге дейінгі кетіктер және сызаттар, олар механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда;</p> <p>2 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және қазақ тозу іздері, олар механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда;</p> <p>Текстураланған немесе боялмаған бамперлер үшін: 10 см дейінгі сызаттар мен қажамалар қолайлы деп саналады;</p> <p>Текстураланған немесе боялмаған бамперлер үшін: 2 см дейінгі үйкеленген жерлер мен қазақ тозу іздері қолайлы деп саналады; 2 см дейінгі ішіне майысулар, бамперде немесе радиатор торында 2 майысқан жерден көп емес;</p> <p>Сыртқы әсердің, мысалы, ауа райы факторлары нәтижесінде түстің өзгеруі</p>	<p>10 см-ден астам немесе егер олар механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін болмаса сынықтар өлшеміне қарамастан кетіктер мен сызаттар; 2 см-ден асатын үйкеленген жерлер және қазақ тозу іздері, егер олардың механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін болмаса;</p> <p>Боялған бамперлер үшін: механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін кетіктер, сызаттар, үйкеленген жерлер және қазақ тозу іздері;</p> <p>Сынған, жарылған немесе деформацияланған радиаторлар торлары мен бамперлер;</p> <p>2 см асатын ішіне майысқан жерлер;</p> <p>Бамперде немесе радиатор торында екіден артық майысқан жер; химиялық заттарды дұрыс пайдаланбау және сыртқы әсерлердің (өсімдіктер, жануарлар, құстар нәжісі және т.б.) нәтижесінде зақымданулар.</p>
Шиналар мен дискілер	
<p>Жазғы резеңке үшін кемінде 1,6 мм, қысқы резеңке үшін – 4 мм, Қолданылатын заңнаманың нормативтік талаптарына сәйкес келеті протекторы бар, протектордың қалдық тереңдігі жеткілікті шиналар;</p> <p>Қалпақтың, болат немесе тез балқитын дискінің бетінде: 10 см-ге дейінгі бір сызат, үйкеленген жер немесе қазақ тозудың ізі;</p> <p>Болат немесе тез балқитын дискінің көмкеруінде: 10 см-ге дейінгі бір сызат, үйкеленген жер немесе қазақ тозудың ізі</p>	<p>10 см асатын сызаттар, үйкеленген жерлер немесе қазақ тозу іздері;</p> <p>Жиектасты соғудан туындаған шина деформациясы; Шиналардағы ісінулер, жарықтар немесе кесіктер; Қапталдың немесе протектордың зақымдануы;</p> <p>Шиналарды бөгде заттармен тесу;</p> <p>Сынған немесе деформацияланған қалпақ, болат немесе жеңіл балқитын диск;</p> <p>Болат немесе тез балқитын дискідегі коррозия</p>
Әйнектер және сыртқы жарық аспаптары	
<p>1 см аспайтын және алдыңғы әйнектің А аймағында (әйнектің ені 290 мм орталық бөлігі) орналаспаған тастардан жасалған кетіктер; Бас жарық фараларының, тұманға қарсы фаралардың немесе бұрылу көрсеткіштерінің бетіндегі тастардан</p>	<p>Сынған әйнек немесе сыртқы жарық аспаптары;</p> <p>Сыртқы жарық аспаптарындағы олардың функцияларын шектейтін жарықтар немесе</p>

<p>жасалған, өтпелі емес және жұмыс қабілетіне әсер етпейтін кетіктер</p>	<p>кетіктер. Барлық шамдар дұрыс жұмыс істеуі керек;</p> <p>Өздігінен жағылған күннен қорғау немесе қараңғылайтын жолақтар, егер оларды білікті маман салмаған болса, жыртылған болса немесе маңдайалды әйнектің бұрыштары бойынша ажыратыла бастаса, маңдайалды әйнектен және алдыңғы әйнектерден, барлық әйнектерден, толығымен жойылуы тиіс; 1 см астам және/немесе А аймағындағы кетіктер мен жарықтар</p>
<p>Айналар және сыртқы әрлеу</p>	
<p>Айналардың боялған корпустары: 5 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер және сызаттар, олар механикалық жылтырату арқылы жойылуы мүмкін жағдайда;</p> <p>айналардың текстураланған немесе боялмаған корпустары үшін: 5 см-ге дейінгі үйкеленген жерлер, сызаттар және қажамалар</p>	<p>Айналардың боялған корпустары: 5 см артық үйкеленген жерлер мен сызаттар немесе механикалық жылтыратумен жойылуы мүмкін емес кез келген үйкеленген жерлер мен сызаттар;</p> <p>Айналардың текстураланған немесе боялмаған корпустары үшін: 5 см асатын үйкеленген жерлер, сызаттар және қажамалар</p> <p>Деформацияланған немесе сынған айналар және/немесе айналар корпустары</p>
<p>Салон</p>	
<p>Салонды әдеттегі тазалаумен (жуусыз) жоюға болатын отырғыштардағы, ішкі қаптаудағы, резеңке немесе мата кілемшелердегі ластанулар мен дақтар;</p> <p>Әдеттегі пайдалану нәтижесінде тозу іздері мен ішіне майысулар бар отырғыштар; Күнделікті пайдалану және тозу нәтижесінде панель түсінің өзгеруі</p>	<p>Жууды немесе арнайы химиялық тазалауды талап ететін отырғыштардағы, ішкі қаптаудағы, резеңке немесе мата кілемшелердегі ластанулар мен дақтар;</p> <p>Салонның, ішкі қаптау материалдарының, резеңке және мата кілемшелерінің кесіктері, қажак тозу іздері, жарылулары, тесіктері және өзге де зақымданулары мен деформациялары; Жабдықтарды жойғаннан кейін консольдағы тесіктер;</p> <p>Руль дөңгелегіндегі кесіктер, керттіктер немесе үзілген тігістер;</p> <p>Жою үшін арнайы тазалауды талап ететін жағымсыз иістер</p>

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 6 қосымша

КҚ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ АУМАҚТЫҚ ШЕКТЕУЛЕР

I. РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АЙМАҚТАР

II. «АЛМАТЫ» РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АЙМАҒЫ

1. КҚ қозғалысына, сондай-ақ КҚ-ын «Күту» режимінде қалдыруға Мобильді қосымшадағы картада сары нүктелі сызықпен айқындалған «Алматы» рұқсат етілген аймағы шегінде жол беріледі.

2. Жалға алу сессиясын аяқтауға Мобильді қосымшадағы картада боялған жартылай мөлдір біркелкі фон түрінде және жасыл сызықпен белгіленген «Алматы» рұқсат етілген аймағы шегінде жол беріледі.

3. КҚ-ның қозғалуына, қалдырылуына (аялдау, тұру, оның ішінде «Күту» режимінде немесе Жалға алу сессиясы аяқталған кезінде) заңнамада, оның ішінде ЖҚЕ-нда, сондай-ақ Шартта (оның қосымшаларында) белгіленген талаптарды сақтай отырып, ЖҚЕ-на сәйкес жеңіл КҚ-ның аялдауына (аялдау үшін) немесе тұруына (тұру үшін), тегін қойылуына (тұруына) шектеусіз (оның ішінде КҚ санаты бойынша немесе уақыт бойынша) жол беріледі. КҚ-ын ЖҚЕ-ні бұза отырып, жер асты тұрақтарында, тротуарларда, жабық немесе мамандандырылған тұрақ аумағында, жекеменшік тұрақ аумағында, кіру үшін рұқсат қажет аумақта, сол сияқты рұқсат беру мүмкіндігі шектеулі аумақтарда (оның ішінде еркін кіруді/шығуды шектейтін құрылғылармен жабдықталған), аялдау/тұру (тегін аялдау/тұру) уақытша (белгілі бір сағатта, күндері) жол берілетін орындарда, Жалға берушінің деректері бойынша ГЛОНАСС/GPS және(немесе) Интернет желісіне, және(немесе) ұялы байланыс желісіне қол жеткізу болмаған немесе қиындатылған орындарда, мүгедектерге арналған, жүк КҚ арналған тұрақ орындарында, ақылы қалалық тұрақ аймағына

кірмейтін ақылы тұрақ аумағында қалдыруға (аялдауға, тұруға) кез келген жағдайда жол берілмейді.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime Шартына № 7 қосымша

**ШАРТТАН БАС ТАРТУ ТУРАЛЫ
ӨТІНІШ**

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (егер болса))

_____ (бұдан әрі – Клиент)

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат _____ сериясы _____ берілген _____ нөмірі,

_____ (кім берді)

«_____» _____ ж. _____.

(қашан берілген) (бөлімше коды)

Клиенттің тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы:

_____.

Жүргізуші куәлігі «_____» _____ ж. _____.

Тек Клиенттің ғана қолжетімділігі бар Клиенттің телефоны: _____.

Клиент құпия сақтауға міндеттенетін, Клиентке белгілі құпиясөз арқылы қол жеткізу жүзеге асырылатын клиенттің E-mail: _____.

Шарттың 6.6. тармағына сәйкес, «Ди-Мобилити Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (БСН 180640011180) «_»_20_ж. бастап Anytime шартынан бас тарту туралы хабарлаймын.

_____ (қолы)

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime шартына № 8 (1) Қосымша

Көлік құралын қабылдау-тапсыру актісі

{күні, уақыты}

«Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС (БСН 180640011180), бұдан әрі – «Жалға беруші» деп аталып, Қоғамның Жарғысы негізінде әрекет ететін {_____} атынан, бір тараптан, және ... бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталып, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіге қол қойды:

1. Anytime шартына (<https://anytime.kz>), оған қосымшаларға сәйкес - Актіге қол қойылған сәттегі редакцияда Жалға беруші келесі көлік құралын тапсырады, ал Жалға алушы оны қабылдайды:

χ маркасы, моделі: {_____}

χ мемлекеттік тіркеу нөмірі: {_____}

χ идентификациялық нөмірі (VIN): {_____}

χ шығарылған жылы: {_____}

χ көлік түрі: {_____}

χ шасси (жақтау) №: {_____}

χ шанақ (арбаша) №: {_____}

χ түсі: {_____}

2. Егер мобильді қосымшаның «Көліктің жағдайы» бөлімінде өзгеше көрсетілмесе, көлік құралы жарамды күйде, ақаусыз, зақымданусыз, жолаушыларды тасымалдауға қойылатын талаптарға сай, сондай-ақ Жалға

алушының күтілімдеріне сәйкес беріледі. Осы Актіге міндетті қосымша (бар болған жағдайда) — көлік жағдайын бағалау сәтінде Жалға алушы енгізген ақпарат болып табылады.

Электрондық қол қою үшін үлгі:

Құжатқа Жалға алушы (Сенім білдіруші) электрондық қолтаңба арқылы, Anytime шартына (<https://anytime.kz>) сәйкес қол қойған.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

Anytime шартына № 8 (2) Қосымша

Көлік құралын қайтару актісі

{күні, уақыты}

«Ди-Мобилити Қазақстан» ЖШС (БСН 180640011180), бұдан әрі – «Жалға беруші» деп аталып, Қоғамның Жарғысы негізінде әрекет ететін {_____} атынан, бір тараптан, және ... бұдан әрі «Жалға алушы» деп аталып, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Актіге қол қойды:

1. Anytime шартына (<https://anytime.kz>) және оның қосымшаларына сәйкес КҚ қайтару бойынша Жалға алушының міндетін орындау үшін Жалға алушы көлік құралын береді, ал Жалға беруші оны қабылдайды.:

χ маркасы, моделі: {_____}

χ мемлекеттік тіркеу нөмірі: {_____}

χ идентификациялық нөмірі (VIN): {_____}

χ шығарылған жылы: {_____}

χ көлік түрі: {_____}

χ шасси (жақтау) №: {_____}

χ шанақ (арбаша) №: {_____}

χ түсі: {_____}

2. Осы Актіге қол қойылуы Жалға берушіні кейіннен КҚ-ның анықталған зақымдану фактілеріне, КҚ-ның және КҚ жабдығының және/немесе КҚ құжаттарының және/немесе Жалға алушының оны пайдалануы нәтижесінде

туындаған стандартты автомобиль жиынтығының жоғалуына сілтеме жасау мүмкіндігінен айырмайды.

Электрондық қол қою нысаны:

Құжатқа Жалға алушы (Сенім білдірілген өкіл) Anytime шартына (<https://anytime.kz>) сәйкес электрондық қолтаңбамен қол қойған.

Жалға алушының ТАӘ:

Жалға алушының логині:

Жалға алушының ID:

Электрондық қолтаңба:

